



ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Президентке палата қызметі туралы ақпарат берілді.

Алдымен Мәжіліс Төрағасы депутаттар жұмыс барысында Президент Жолдауы мен ел дамуы бойынша берген тапсырмаларды заңнамалық тұрғыда уақытылы әрі сапалы қамтамасыз етуге ерекше мән беретінін баяндады. Бүгінде 15 заң қабылданып, Сенатқа жолданды. Мәжіліс қарауында 77 заң жобасы бар.

Жыл соңына дейін Құрылыс, Цифрлық кодекстер мен «Банк қызметі туралы» заңды қабылдау жоспарланып отыр. Сондай-ақ сайлау, тұтынушылардың құқығын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу секілді заң жобаларына қатысты жұмыс жүргізілуде.

Депутаттар жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңнамаға түзетулер енгізуге, сондай-ақ креативті индустрия, ғылыми зерттеу аумақтарын дамыту, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, бағбандық шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қолдау бойынша заң жобаларына бастамашы болды.

Заң шығару жұмысы жұртшылықтың, сарапшылардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен ашық жүргізілуде. Барлық саяси партиялардың фракциялары өз электоратының сұранысына сәйкес ұсыныстарын белсенді түрде енгізіп жатыр. Маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында қаралады.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов депутаттар Мемлекет басшысының жасанды интеллектіге қатысты бастамаларын іске асыруға белсенді атсалысып келе жатқанын айтты. Қыркүйек айының соңында Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» заң қабылдап, Сенатқа жолдады. Сонымен қатар қазақстандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен парламенттік тыңдау өткізілді.

Депутаттардың және Энергетика министрлігінің бастамасымен Ақтауда мұнай-газ саласындағы машина жасау ісін дамыту форумы өтті. Мұнай-газ секторындағы сатып алуларда қазақстандық үлесті жүйелі түрде арттыру жайлы шешім қабылданды. Депутаттар мұны ұдайы бақылауда ұстайды.

Бұған қоса, парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыс жайында да мәлімет берілді. Елімізге Монғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының және Мажарстан Мемлекеттік жиналысының төрағалары ресми сапармен келді. Көптеген елдің парламенттерімен достық топтары белсене қызмет атқаруда, заң шығару саласында тәжірибе алмасу жолға қойылған және мемлекетаралық жобаларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Депутаттар ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы, ТүркПА, ТМД Парламентаралық ассамблеясы және басқа да көпжақты ұйымдар аясында табысты қызмет атқарып келеді.



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трампты Газа секторындағы көптен күткен бейбітшілікті орнатуда елеулі дипломатиялық жеңіске жетуімен құттықтады.

Қазақстан басшысы АҚШ Президенті саяси ерік-жігерінің мықтылығын және халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісім орнатуға шынайы ұмтылысын толық таныта білді деп санайды.

БІРЛЕСКЕН БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Швейцария – Қазақстан» парламенттік достық тобының мүшелерімен кездесті. Жүздесуде Президент Қазақстан Еуропадағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесі саналатын Швейцариямен ұзақ жылдардан бері қалыптасқан қарым-қатынасқа ерекше мән беретінін атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Швейцарияға жасаған ресми сапары екі ел арасындағы серіктестікті нығайтуға берік негіз қалағанына назар аударды. Швейцариялық депутаттар делегациясының елімізге келуі жан-жақты ықпалдастықты одан әрі дамытуға қос тараптың да ниетті екенін көрсететінін жеткізді.

Бұл ретте өзара түсіністікті нығайтып, екіжақты ынтымақтастықты жандандыруда парламенттік дипломатияның маңызды рөл атқаратынына мән берілді.

«Швейцария – Қазақстан» парламенттік достық тобының үйлестірушісі Филиппо Ломбарди қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Швейцарияның серіктестік байланыстарды кеңейтуге және бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Кездесуде Астана мен Берн арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастық перспективасы, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы іс-әрекеттерді өзара үйлестіру мәселелері талқыланды.

ҚАРЖЫ-БАНК МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Банк ВТБ басқарма төрағасы Андрей Костинді қабылдады. Кездесуде қаржы-банк және инвестиция саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

ТҮЙТКІЛ

БАЛ ҰСТАҒАН БАРМАҚ ЖАЛАМАЙ ТҰР...

Секундына 250 рет қанат қағып, сағатына 65 шақырым жылдамдықпен ұша алатын жәндік жайлы баян етпекпіз. Альберт Эйнштейннің мына бір сөзі ойға оралады: «Егер аралар жер бетінен жойылып кетсе, адамзат төрт-ақ жыл өмір сүреді».



Еуропаның IPBES бағалауына сәйкес, аралар мен көбелектердің 40%-ынан көбі жойылу қаупінде тұр. Кейінгі кезде Қытай, АҚШ, Италия, Ұлыбритания, Канада сынды мемлекеттер араның

азаю көрсеткішін байқаған. 2019 жылдың алғашқы жартыжылдығында Бразилия 500 мыңға жуық бал арасынан айырылған. Әлемде кейінгі 10 жыл ішінде шамамен аралар саны 15 миллионға азайды. 4G технологиясын жаппай қолдану да бал араларының, құстар мен көбелек популяциясының азаюына себеп болды. Қазір шетелдік ғалымдар 5G технологиясын қолдануға түбегейлі қарсы.

АРА «КОРОНАВИРУСЫ» БАР

Елімізде араның қандай түрі бары, саны, жайкүйі жайында нақты ғылыми мәлімет беретін мамандар саусақпен санарлық. Біз Алматыдағы Зоология институтының энтомология бөлімінің жетекшісі Сергей Владимировичке хабарласып сұрағанымызда, араны зерттейтін ғалымдардың жетіспейтінін, ертеректе зерттеген Т.Мариковскаяның дүниеден өткенін жеткізді. Т.Мариковская 2001 жылы өмірден қайтты, содан бері бір маманның бұл салаға жоламауы бізге де қызық көрінді. Қазақстандағы жағдайдың анық-қанығын білу үшін омарташыларға хабарластық.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖАЛҒАНСА ӨМІР ӨЗЕГІ



Орта есеппен жыл сайын 200-300 пациентке ағза трансплантациясы жасалады екен. Елімізде 40 донорлық стационар жұмыс істейді, сондай-ақ ағза трансплантациясын жүзеге асыруға лицензиясы бар 7 жоғары мамандандырылған орталық қызмет көрсетеді.

→ 6

ШЫМКЕНТТІҢ ШЫРАЙЫ КІРІП КЕЛЕДІ

Қала бойынша 470 мекемеден жұмылдырылған 38 мың адам бойынша зерделейтін болсақ, денсаулық сақтау басқармасына қарасты 58 мекемеде жұмыс істейтін 17 220 қызметкердің 8 мыңнан астамы өз аумақтарын тазалауға қатысты.



→ 7

БАБЫ КЕЛІСКЕН БАПКЕР ҚАЙДА?..

Егер бұл құрам бізді айналып өтсе, оларда Әлем чемпионатына шығу туралы сұрақ болмайды. Аталған бапкер екі ойында құрамды бастап шығатынын, Бельгиямен кездесуде басқа бапкер келуі мүмкін екенін нұсқады. Сонда ұлттық құрамаға қай маман бас болуы мүмкін?



→ 8



«ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Палатаның талқылауына бірінші оқылымда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және басқа да заңнамалық актілерге тиісті түзетулермен «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң жобасы енгізіледі.

Бұл құжатты Үкімет Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауы аясында құқық бұзушылықтардың алдын алу, «Заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету, сондай-ақ халық арасында заңға бағынатын мінез-құлық қалыптастыру саласында бірінғай мемлекеттік саясатты белгілеу мақсатымен әзірледі.

Жаңа заң жобасы қолданыстағы бес заңның нормаларын біріктіреді және бірінғай профилактика жүйесін құруға бағытталған. Құжат профилактика субъектілерінің тізбесін кеңейтіп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысатын белсенді азаматтарды ынталандыру шараларын күшейтеді. Алғаш рет қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы Ұлттық баяндама даярлауды және уәкілетті органдардың жұмысын бағалауды көздейді. Сондай-ақ оған профилактиканың арнайы

және қылмыстың салдарын зерттеу шаралары енгізіледі.

Сонымен қатар депутаттар жалпы отырыста Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай филиалының жұмыс істеуі туралы Қазақстан-Ресей келісімін қарайды. Бұл құжатта осы филиалда қазақ, орыс және басқа тілдерде оқыту, білім беру саласындағы міндетті лицензиялау, аккредиттеу және мемлекеттік бақылау, филиалды өзінің және қарастырылған өзге де көздер есебінен қаржыландыру қамтылады.

Бұдан басқа, су ресурстарын тұрақты басқару есебінен халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауға бағытталған 1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы ратификациялау ұсынылады.

Депутаттар бірқатар жаңа заң жобалары бойынша қорытынды дайындау мерзімін анықтауға тиіс. Бұл қатарда «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» заң жобасы, Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілген түзетулер, көлік құралдары иелерінің, тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, денсаулық сақтау мәселелері бойынша жанапшылықтар, сонымен қатар Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісім бар.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА БЕТ БҰРДЫ

Елордада денсаулық сақтау, тұрақты даму және медициналық туризм мәселелеріне арналған форум өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, медициналық орталықтар, білім беру мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар және 30-ға жуық елшіліктің өкілдері қатысты.

— Қазақстан медициналық және сауықтыру туризмінің өңірлік орталығына айналуға бар жағдай жасалған. Ол үшін шетелдік пациенттерге қызмет көрсетудің бірінғай стандарттарын енгізу, клиникалар мен туроператорлар арасындағы байланысты күшейту және елімізді емделу мен оңалтудағы сенімді бағыт ретінде таныту қажет, — деді Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов жиынның ашылу салтанатында.

Министр 2023 жылы Астанада ем алған шетелдік пациенттер саны 2022 жылмен салыстырғанда төрт есе, ал 2024 жылы тағы екі есе артқанын атап өтті. Бұл — отандық медицина мен

көрсетілетін қызмет сапасына деген қызығушылық артып келе жатқанын дәлелдейді.

— Бірнеше жыл бұрын біз еліміздегі медициналық туризмнің әлеуетін талқылайтынбыз. Қазір сол әлеует шындыққа айналды деп сеніммен айтуға болады. Кейінгі бес жылда туристер ағыны бес еседен астам өсті, соның ішінде медициналық туризм де айтарлықтай артты. Қазақстан әлем картасында медициналық туризмнің жаңа орталығына айналып келеді. Әсіресе, Қытайдан (24 есе), Үндістаннан (40 есе) және Түркиядан (3 есе) келетін туристер тарапынан қызығушылық ерекше, — деді Денсаулық сақтау министрі Акмарал

Әлнзарова форумның ашылу салтанатында.

Медициналық туризмді дамыту және салалар арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында Туризм және спорт министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Форум аясында саламатты қалалық ортаны қалыптастыру, бұқаралық спорт пен саламатты өмір салтын дамыту, сондай-ақ білім беру бастамаларына арналған тақырыптық сессиялар өтті. Жиынға қатысушылар «Қазақстанның саламатты қалалары» желісін құру бастамасына ерекше назар аударды.

Форум соңында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов пен Денсаулық сақтау министрі Акмарал Әлнзарова отандық медицинаның инновациялық жетістіктері мен технологиялары ұсынылған ірі медициналық орталықтар мен ұйымдардың көрмесін тамашалады.

ҮКІМЕТ САҒАТЫ: ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның төрағалығымен Ішкі істер министрлігі ғимаратында көшпелі Үкімет сағаты өтті. Онда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды. Тақырып бойынша Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасап, Мәжіліс депутаттарының сауалдарына жауап берді.



Отырысты ашқан Дания Еспаева Мемлекет басшысы өз Жолдауында Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап шетелдіктердің заңсыз көшіп келуі және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті деп атап өткенін еске салды. Осыған байланысты Мәжіліс жауапты мемлекеттік орган — Ішкі істер министрлігін тыңдау туралы шешім қабылдаған.

— Парламент заң шығарушы орган ретінде заңдылық пен тәртіпті нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Соңғы жылдары депутаттар уәкілетті органдармен бірлесіп, қылмыстық заңнаманы күшейту бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарды. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, есірткі қылмысы, бұзақылық, вандализм үшін жаза айтарлықтай күшейтілді. Қылмыстық заңнама қылмыстың жаңа түрлерімен толықтырылды, олар — дропперлік, некеге мәжбүрлеу, stalking және басқалары, — деді Д.Еспаева.

Сондай-ақ вице-спикер есірткі қылмыстары, бұзақылық, қарақшылық көбейіп, ұсақ ұрлық, есірткі заттарын заңсыз пайдалану сияқты қылмыстық теріс қылықтар жиі тіркеліп жатқанына назар аударды. Сондықтан бүгінгі Үкімет сағатының негізгі міндеті — құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйіне талдау жасау, яғни қоғамды не алаңдатып отырғанын анықтау және полицияның осы бағыттағы жұмысына баға беру екенін айтты.

Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмыстың экономикалық, көші-қон, мәдени, демографиялық және басқа да процестерге байланысты екенін, қылмыскерлердің 80 пайызы жұмыссыз, үштен бірі бұрын сотты болған, 30 пайызы нас күйде қылмыс жасағанын мәлімдеді. Сонымен қатар ол қылмысты тұрақты түрде азайту үшін барлық мемлекеттік орган мен қоғамның күш-жігері қажет екенін айтты.

— Жалпы, елімізде жағдай тұрақты. Егемендік алғаннан бері қылмыс саны екі есе төмендеді. Кісі өлтіру 4,5 есе қысқарды. Ал халық саны бұл аралықта 1,5 есе көбейіп отыр. Бұл нәтижеге ауқымды профилактикалық жұмыс нәтижесінде қол жеткіздік. Кісі өлтіру, ұрлық, киберқылмыс, интернет-алайық, есірткі бизнесі, адам саудасы, экстремизмге қарсы күрес және колониядағы жағдайды жақсартуға бағытталған нақты бағдарламалар іске асырылып жатыр. Оң нәтиже биыл да сақталып, қылмыс 7 пайыз азайды, — деді Е.Сәденов.

Министр өз баяндамасында көшедегі қауіпсіздікті күшейту, жасөспірімдер қылмысының алдын алу, есірткі және киберқылмысқа қарсы күрес, миграциялық бақылау, заңсыз жолаушы тасымалы және басқа да құқықбұзушылықтар бойынша жұмыс қарқыны жалғасып жатқанын атап өтті.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашева қосымша баяндамасында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде айтарлықтай жүйелі проблемалар әлі де бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, жұртшылықтың полицияны жабық та жауапсыз құрылым ретінде қабылдауы полицияға деген сенімді қалыптастырудың қиындығын білдіреді. Сыбайлас жемқорлық, азаматтардың арыз-шағымдарына формалды көзқарас және учаскелік полиция қызметкерлерінің, әсіресе ауылды жерлерде тапшылығы полиция реформасы негізделген қызмет көрсету үлгісінің қағидатына нұқсан келтіреді.

— Азаматтарды құқықбұзушылықтың алдын алу мен жолын кесуге тарту да — күрделі міндет. Азаматтардың айтарлықтай бөлігі қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек құқық қорғау органдарының міндеті деп санайды. Қоғамның серіктес болуы үшін оларды ынталандыру және полицияны одан әрі жаңғырту қажет, — деді комитет төрайымы.

Снежанна Имашева азаматтардың өздерін қауіпсіз сезінуі мәселесіне ерекше назар аударды, бұл — инфрақұрылымның сапасы мен азаматтардың күнделікті өмірінде мемлекеттік органдар қызметінің қолжетімді болуымен тікелей байланысты. Көшелерді жарықтандыру мен бейнебақылаудың жоктығы, жол сапасының төмендігі, аудандардағы патрульдік қызметтің жеткіліксіздігі және цифрлық мүмкіндіктердің нашар енгізілуі сенімсіздік тудырады.

Снежанна Имашева сонымен қатар кешенді әлеуметтік шараларсыз қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін еместігін баса айтты. «Құқық бұзушының портреті» зерттеуі қылмыстардың басым бөлігін жоғары білімі жоқ, жас, жұмыссыз ер адамдар жасайтынын көрсеткен. Яғни, алдын алуды білім беру, жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қолдау жүйелерінен бастау керек. Депутат заңға бағынатын азаматтарды және құқықтық сананы арттыру — «Заң және тәртіп» ұғымын шындыққа айналдырудың кілті екеніне тоқталды.

Талқылау барысында мәжілісмендер өзге де мәселелерді ортаға салды. Олар интернет-алайық, киберқылмыс, есірткі бизнесімен күрес, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның құрбандарын қорғауды күшейту шараларына назар аударды. Сондай-ақ қоғамдық орындарда, соның ішінде ойын-сауық орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік қауіпсіздігі, өңірлердегі учаскелік полиция қызметкерлерінің тапшылығы көтерілді. Бұдан бөлек депутаттар әскери қызметкерлерге қатысты қиянат жасау фактілері, мұндай келенсіздіктердің алдын алу, әскери басшыларды дайындауды жетілдіру мәселелеріне де тоқталды.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша Мәжіліс депутаттары қоғамдық қауіпсіздік шараларын күшейту бойынша уәкілетті органдарға бірқатар ұсыныстар жобасын даярлады. Атап айтқанда, учаскелік полиция қызметкерлерінің тиімділігін қараптап, елдімекендерді жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау жүйелерімен жабықтауды, аудан орталықтарында Жедел басқару орталықтарын құруды ұсынды. Азаматтарды киберқылмыстан қорғауға және заманауи технологияларды пайдалана отырып, полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға баса назар аударылды.

Үкіметке құқықбұзушылықтарды болжау және жедел шешімдер қабылдау үшін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тиімді аналитикалық инфрақұрылымды дамыту ұсынылды. Депутаттардың ұсыныстары Бас прокуратура, Денсаулық сақтау, Білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне және басқа да органдарға қатысты болды.

Жиын аясында ішкі істер органдары қолданатын арнайы техника, арнайы жасактағы қару-жарақ пен киім үлгілері қойылған тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Жедел басқару орталығында депутаттарға қоғамдық қауіпсіздіктің цифрлық жобалары көрсетілді.



«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»: АЛАМАН АЙТЫС ӨТТІ



«AMANAT» партиясының қолдауымен «Менің Қазақстаным» атты республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Өнер додасы көрнекті ақын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы Жұмекен Нәжімеденовтің 90 жылдық мерейтойына арналды.

Аламан айтысқа Астана және Алматы қалаларынан, сондай-ақ Ақтөбе, Түркістан, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Маңғыстау және Атырау облыстарынан келген 12 ақын қатысты.

Айтыс барысында ақындар Жұмекен Нәжімеденовтің тұлғалық болмысын, оның отандық әдебиетке сіңірген еңбегін жыр арқауына айналдырып, қоғам тынысын дөп басқан көкейкесті мәселелерді қозғады. Ақындар ұлттық дәстүр мен

рухани құндылықтарды насихаттап, жастар тәрбиесі, отбасылық құндылықтар мен адамгершілік тақырыптарын да өлеңмен өрді.

Сөз сайысының тізгінін Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай ұстап, айтыс өнерінің мәні мен маңызына тоқталды.

«Айтыс — бабадан жеткен байтақ өнер. Бұл — қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айқындайтын кастерлі, рухани-мәдени қазынамыз. Ол тәуелсіздік жылдары өрлеу, даму кезеңін өткерді. Сонау сексенінші жылдардың соңынан бастап ақындардың қаншама буыны қалыптасты. Бүгінде сол аға буынның аманатын қазіргі ақындарымыз абыроймен аркалап келеді. Ақын — заманның айнасы, ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, ғасырлар бойы қалыптасқан кастерлі құндылықтардың шырақшысы», — деді Аманжол Әлтай.

Осылайша, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Жансая Мусина иеленді (Батыс Қазақстан облысы). Ал бірінші орынды Батыржан Кәдірбай (Атырау облысы) мен Аруна Керімбек (Ақтөбе облысы) қанжығалады. Екінші орын Мұхтар Ниязовқа (Қызылорда облысы) бұйырды. Үшінші орынды Нұрмұхаммед Байсүгіров (Қарағанды облысы) пен Иран-Ғайып Күзембаев (Астана қаласы) өзара бөлісті.

Сонымен қатар Серікбол Панабердиев (Атырау облысы) пен Аян Ниязбек (Түркістан облысы) арнайы сыйлықпен марапатталды.

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСУ — БАСТЫ МІНДЕТ

«AMANAT» партиясы Шымкент қаласы Тұран аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне Отырар шағын ауданының тұрғындары тарапынан №9 үйдің аумағындағы футбол алаңшасына апаратын жолда пайда болған шұңқырлар туралы өтініш түсті. Тұрғындардың айтуынша, шұңқырлар көлік қозғалысына және балалардың қауіпсіз жүріп-тұруына айтарлықтай қолайсыздық тудырып отырған.

Азаматтардың өтінішін мұқият тыңдаған Тұран аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Есімхан Қалмаханұлы мәселені назарға алып, оны шешу мақсатында тиісті шаралар қабылданатынын және Тұран ауданы әкімдігімен бірлесіп бақылауға алынатынын жеткізді.

Партияның басты қағидаты — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын жүзеге асыру және азаматтардың өтініштеріне дер кезінде жауап беру болғандықтан, аталған мәселе назардан тыс қалмады.

Нәтижесінде, Тұран ауданы әкімдігі мен «Тұран» КММ абаттандырылған нысандарды күтіп ұстау бөлімі бірлесе отырып, көрсетілген мекенжайға мамандарды жіберді. Тексеру жұмыстары жүргізіліп, жолдағы шұңқырлар тегістеліп, жөндеу жұмыстары толық көлемде атқарылды.

Бүгінде тұрғындар тарапынан айтылған мәселе шешімін тауып, футбол алаңшасына апаратын жол ретке келтірілді. Жергілікті тұрғындар өз өтінішінің жылдам орындалғанына ризашылықтарын білдіріп, партия өкілдеріне алғыс айтты.

«AMANAT» партиясы тұрғындардың әрбір өтінішіне мән беріп, олардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған мәселелердің шешілуіне атсалысуды жалғастыра береді.

ҰСТАЗ — БІЛІМ БАҒБАНЫ

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп хакім Абай айтқандай, төрткүл әлемде ұстаздың орнын баса алатын адам кемде-кем. Ұстаздық — кең ұғым. Ол тек дәріс оқумен шектелмей, тәлімгердің ынтасын оятатын, болашағына үлкен сенім беретін алып күшке ие. Қазіргі цифрлы технология дәуірінде де ұстаздың қадір-қасиеті өшкен жоқ.

Еліміздің астанасында «AMANAT» партиясының қолдауымен «Мұғалім talks» кейс-платформасының екінші отырысы жемісті өтті. Еліміздің барлық өңірінен келген 300-ден астам мектеп мұғалімі, колледждер мен ЖОО оқытушылары, студенттер, ғалымдар, білім беру саласының ардагерлері мен сарапшылар қауымы осы жиында бас қосты. Жиынның түпкі мақсаты жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалімнің рөлі мен білім беру саласындағы инновацияны қолдану болды. Сондай-ақ ерекше көзге түскен педагогтарға арнайы сыйлықтар табысталды.

келген педагогтарға арналған ерекше алаң. Бұл бастама ұстаздарға өз тәжірибесін бөлісіп, білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Жоба барысында мұғалімдер тек пікір алмасып қана қоймай, өздерінің жетістіктері мен тың идеяларын ортаға салды. Шараның басты мақсаты — ұстаз мәртебесін арттырып, олардың кәсіби дамуына серпін беру.

Депутаттың айтуынша, бұл шараның басты мақсаты — мұғалімдерді ынталандырып, білікті ұстаздарды бір ортаға жинау. Оның пікірінше, еліміздің түкпір-түкпірінен келген белсенді ұстаздар



Сонымен қатар өз пәнін терең меңгеріп, оны шәкірттеріне махаббатпен үйрететін химиктер мен физиктер де бар. Осындай мұғалімдер — өз ісіне адал, нағыз кәсіби тұлғалар, — дейді Дәулет Мұқаев.

— «Мұғалім talks» жобасы — соның айғағы. Биыл бұл жоба екінші рет өткізіліп отыр. Шараның басты мақсаты — мұғалімді тек кәсіби маман ретінде емес, сонымен қатар жоғары адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде таныту. Қазіргі жаһанданған және цифрландыру қарқынды жүріп жатқан дәуірде мұғалімнің рөлі бұрынғыдан да

жобаға көбінесе мектеп мұғалімдері қатысады, ал мен колледж педагогтары арасынан шыққан жалғыз спикер болдым. Көпшілікке жасанды интеллекттің баланың дамуына зиян келтірмей, керісінше, оқушының қабілетін дамытуға бағыттап қолдану жолдарын жеткізім келді.

Қазір жасанды интеллект тек IT саласында емес, медицина, құрылыс, өндіріс салаларында кеңінен қолданылады. Мысалы, медицинада ЖИ арқылы диагноз қою тәжірибесі бар. Сол сияқты біз де білім беру саласында ЖИ-ді тиімді қолдана аламыз», — дейді ол.

ҰСТАЗ БОЛУ — БІРЕУДІҢ ӨМІРІНЕ ҮМІТ СЫЙЛАУ

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы Әсет Бейсеуов атындағы орта мектептің физика пәні мұғалімі Бақытәлі Даулешяр өз тәжірибесімен бөлісті. Ол жеті жыл бұрын қарапайым ауыл мектебінде «Өнертапқыштар әлемі» атты клуб ашып, физика пәнін робототехникамен ұштастырған. Оның айтуынша, арнайы кабинет пен құрал-жабдықтың болмауына байланысты оқушылар бастапқыда қызық жинағыш, «ақылды» шам сияқты шағын жобалар әзірлеген. Ал бүгінде олар 3D-принтер мен жасанды интеллект арқылы протез құрастыруды үйренген.

«Бәрі бір ғана сұрақтан басталды: оқушыны ғылымға қалай қызықтыруға болады? Кесте мен формула жеткіліксіз екенін түсіндім. Алғашында қарапайым «Arduino» жобаларынан басталдық. Кейін оқушыларым 3D-принтер мен жасанды интеллект арқылы протез жасап, мүмкіндігі шектеулі балалар мен ауыл тұрғындарына көмектесе бастады. Сол сәттерде ұстаздықтың шын мәнін ұқтым. Ұстаз болу — біреуге білім беру ғана емес, біреудің өміріне үміт сыйлау екен», деді ол.

Бакытәлі Даулешярдың шәкірттері жасаған алғашқы протез мүгедектігі бар бала Мирасқа арналған. Кейін мүгедектігі бар басқа ауыл тұрғындарына да кол мен аяқ протездері әзірленген. Бұл жоба 2021 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауында жеңіске жетіп, мектеп зертханасы жана құралдармен жабдықталды.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Мұғалім talks» кейс-платформасы отырысы осымен екінші рет өткізіліп отыр. Биылғы жиын «Жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалімнің рөлі мен білім беру саласындағы инновация» тақырыбына арналды. Іс-шара барысында ерекше көзге түскен педагогтарға партиялық және ведомстволық наградалар табысталды.



ТЫҢ ИДЕЯЛАР ТОПТАСҚАН АЛАҢ

Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев ұйымдастырылып отырған жобаның мұғалімдерге ерекше талпыныс беретіндігін айтып өтті. Оның сөзінше, біз біле бермейтін тың идеялар мен жобалар осындай басқосуларда пайда болады.

— Елордада өткен «Мұғалім talks» жобасы — еліміздің түкпір-түкпірінен

мен мектеп басшылары осы жоба аясында өзара ой бөлісіп, білім саласын дамытуға қатысты құнды ұсыныстарын жеткізді

— Talks дегеніміз — талқылау, ойынды ашық жеткізу алаңы. Мұнда сөз алған әрбір мұғалімнің тәжірибесі ерекше. Мысалы, біреуі оқушыларға арналған протез жасап шығарса, енді бірі ауылдағы оқушыларды халықаралық олимпиада деңгейіне дейін дайындаған.

Сондай-ақ жиында «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова да ұстаздар мен дәрігерлердің қоғамдағы рөлі айрықша екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл екі мамандық — елдің болашағын қалыптастыратын ең маңызды әрі негізгі салалар. Сол себепті партия тарапынан осы бағыттағы мамандарды қолдау мақсатында түрлі жоба жүзеге асырылып келеді.

МҰҒАЛІМНІҢ АҚЫЛДЫ КӨМЕКШІСІ

Отырыста «Мұғалім talks» қатысушылары өздерінің кәсіби тұрғыда қалыптасу тарихымен бөлісті және әріптестерімен бірге кәсіби сын-тегеуріндерді талқылады.

Солардың бірі — Семей қаласындағы Рымбек Байсеитов атындағы қаржы-экономикалық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Асхат Мұханов. Ол білім беру саласында жасанды интеллектті қалай тиімді пайдаланып жүргенін толық айтып берді.

— «Мұғалім talks» ұстаздарға қоғам алдында ашылып сөз сөйлеуге, ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік беріп отыр. Алғаш рет жобаны YouTube-тен көрдім. Содан кейін өзім қатысып көрсем деген ниет оялды. Биыл өтініш беріп, үміткерлердің арасынан тандалдым. Бұл

НАРЫҚ

14 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

МӘСЕЛЕ

Бюджеттің бүйірін шығаруға шенеуніктер қаржы таппай тентіреп, салықшылар халықтың мобильді қосымша-мен бір-біріне аударған әрбір тиынын санап жатқанда, Үкімет мүшелері мен депутаттар «Астана» қаржы орталығының офшорға айналып кеткеніне ашық шағымданып жүр. Олардың мәліметі бойынша, бұрын бюджетке жүздеген миллиард салық төлеп келген компаниялар АХҚО-да қайта тіркеуден өтіп, тиісті жеңілдіктер иеленіп, салық төлеуді тоқтатқан. Сөйтіп, бұл бюджетке соққы болған. Осы орталықтың елге қандай пайдасы бар?

Орталық Ұлт жоспары аясында 2018 жылы құрылды. 2020 жылғы 2 шілдеде өткен АХҚО-ны басқару кеңесінің отырысында орталықты 2025 жылға дейін дамытудың жаңа Стратегиясы қабылданды. Оған сәйкес, АХҚО Орталық Азия, Кавказ, Еуразиялық одақ, Батыс Қытай, Монғолия, Шығыс Еуропа өңіріндегі жетекші халықаралық орталық ретінде қалыптасатыны бекітілді.

Бірақ бір жайт елең еткізеді: 2020 жылы «Астана» қаржы орталығы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2023 жылға дейін өзін-өзі ақтауға шығатынын («выход на самоокупаемость») жариялады. Осы мақсатта 2020 жылы АХҚО-ны ел қазынасынан қаржыландыру бойынша бюджеттік өтінімі 40%-ға қысқартылды.

«Салыстырар болсақ, 2019 жылы орталыққа бюджеттен 20 миллиард теңге бөлінген еді. Президент К.Токаевтың орталықты өз шығынын өзі өтеуіне шығару тапсырмасы аясында төл бюджеттік өтінімінің мөлшерін 2020 жылғы 13,074 миллиард теңгеден 2021 жылы 11,821 миллиард теңгеге дейін азайтады. Әрі қарай бюджеттік өтінімді 2022 жылы 9,9 миллиард теңгеге, ал 2023 жылы 9,1 миллиард теңгеге дейін қысқарту күтіп тұр», деп мәлімдеген еді сонда АХҚО.

Оның түсініктемесінде жазылғандай, 2023 жылдан кейін толығымен өзін-өзі ақтауға шығару үшін орталық шығыстарын және қатысушылардан жиналатын салықтық жеңілдіктерін тұрақты негізде онтайландыру, сонымен бірге АХҚО органдарының және ұйымдарының төл табыстарын арттыру көзделген. Құптарлық мұрат, керемет мақсат. Қол жеткізді ме?

Жок. Депутаттар қаржы орталығының әлі күнге бюджеттің мойнында масыл болып отырғанына танданыс білдірді. Бюджетке артар салмағын азайтудың орнына көбейтіпті. Мысалы, 2023 жылы — 9,1 миллиард теңге ғана алатынын үде еткенімен, іс жүзінде сол жылы 10 млрд 395 млн теңгеден көп қаржы сұратып алыпты. Және 2023 жылмен шектелмеді, 2024 жылы — 8 млрд 910 млн теңге бюджет

АТЫ «ҚАРЖЫ», ЗАТЫ «ШЫҒЫН» ОРТАЛЫҚ



қаражаттын жұмсады. Содан бері «тәбетін» шамалы басқаны болмаса, сол бойы бюджетке ауыз ашып келеді екен.

2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджетке сай, «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі АҚ-ға ел қазынасынан нысаналы аударым ретінде 2025 жылы кем дегенде — 7 млрд 400 млн, келесі 2026 жылы — 7 млрд 200 млн, 2027 жылы 7 млрд 100 млн теңге бөлінеді. Демек, өз шығынын өзі өтеушілік туралы сөз жок. Ол уәдесі орындалмаған.

БЮДЖЕТТІ МИЛЛИАРДТАРДАН КІМ АЙЫРДЫ?

Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова АХҚО-ның 2023 жылдан кейін өзін-өзі өтеуге кірісуге міндеттеме қабылдағанымен, жыл сайын жаңа республикалық бюджетте міндетті түрде «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі АҚ-на нысаналы аударым» бюджеттік өтінімін ұсына қоятын қынжыла жеткізді.

— Бюджеттік бағдарлама аясында қаржы орталығын ұстап тұруға онсыз да тапшы бюджеттен миллиардтап шығын шығаруға тура келеді. Орталықтың жұмыс істеп жатқанына жеті жылдан асты. Осы жылдар бойы республикалық бюджет оны ұстап тұру үшін орасан шығын көрүде. Салықтан түсетін қаражат бюджеттің жыртғын жамауға жетпей жатқанда, АХҚО-ның органдары мен ұйымдарының жұмысына, басшылары мен қызметкерлерінің үлкен жалақысын төлеуге ел қаржысын молынан жұмсауды қояр емеспіз, — деді И.Смирнова.

Ол АХҚО-ның Қазақстан үшін стратегиялық жоба екенін мойындады. Бірақ депутат әу бастан оның инфрақұрылымын құру, құқықтық базасын түзу, технологияларын дамыту, білікті мамандарды тарту, жұмысын жолға қоюын демеу үшін бастапқы кезеңде ғана мемлекеттік

қаржыландыру ұсынылатыны мәлімделгенін еске салды. Онсыз да барлық қажетті ғимарат — «Астана ЭКСПО-2017» кешені тегін берілді.

— Алайда біз енді неге куә болып отырмыз? Қаржы орталығын республикалық бюджеттен қаржыландыру алдағы жылдары да жалғаспак! Жалпы сомасы ондаған миллиард теңге шығындалады. АХҚО-дағылар өзін-өзі ақтауға шығу туралы уәдelerini тып-тыныш қана «ұмытып» кеткен сияқты, — дейді Мәжіліс депутаты.

Қаржы министрі Мәди Такиев бюджеттен берілетін қаржы, негізінен, басқарушы компанияның әкімшілік шығыстарын, еңбекақы төлеу қорын өтеу үшін бағытталатыны туралы хабардар еткен.

— Өздеріңіз білесіздер, онда АХҚО соты, АХҚО арбитражы және өзгесі бар. Бұл органдар өз бетінше табыс таба алмайды. Сондықтан оларды республикалық бюджет есебінен ұстап тұруға мәжбүрміз. Халықаралық тәжірибе бойынша мұндай үлкен орталықтардың операциялық шығыстары Үкімет есебінен жүргізіледі. Әйткенмен 2019 жылдан бері жыл сайын орта есеппен 15%-ға азайтылды. Келесі жылдан бастап шамалы болса да азаяды, — деді бас қаржыгер.

Оның айтуынша, АХҚО құрылғаннан 2024 жылға дейінгі аралықта 115 миллиард теңге салық жинады. Алайда оны ұстап тұруға 107 миллиард теңгеден астам қаржы кетіпті. Қаржы министрі қаржы орталығы қатысушыларынан жиналатын салық көлемін арттыруға талаптың көрінгенін тілге тиек етті. Мәди Такиевтің сендіруінше, орталық белгілі бір пулды жинағаннан кейін өзін-өзі қаржыландыруға көшеді, бірақ соның өзінде АХҚО-ның еңбекақы төлеу қорын ел бюджеті көтереді.

Орталықтың шығыстары сыртында өзге «кесірі» барын республикалық бюджетті қалыптастыруға жауапты тағы бір тұлға — Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жеткізді. Осы мәселені еліміздің бас экономисі жаңа Салық кодексінің жобасы талқыланған кезде де көтерді. Әйтпесе, оның тоқтамынша, «Астана» қаржы орталығы Қазақстанның ішіндегі офшорға айналып барады. Резидент және бейрезидент компаниялар Қазақстанға салық төлеуі үшін осы орталықта тіркелетінді шығарды.

— АХҚО Қазақстан ішіндегі офшорға айнала бастағандықтан, біз салықты жоғалтып жатырмыз. Бюджет үлкен салықтық шығын шегеді. Мен кәсіпорындардың атын нақты атамай-ақ қойайын, бірақ бір мысал келтіргім келеді. Кәсіпорындарымыздың бірі жуырда өзінің бас кеңсесін холдинг арқылы АХҚО-да тіркетіп, соның өрісіне көшіріп алды. Соның кесірінен ел бюджеті корпоративті табыс салығы түрінде 200 миллиард теңгеден артық түсімнен айырылды, — дейді Серік Жұманғарин.

ОРТАЛЫҚ КҮШТІ БІР ҚҰЗЫРЫНАН ҚАҒЫЛАДЫ

Айтпақшы, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің мәліметінше, енді Қазақстанда бизнес ашу үшін шетелдіктерге елге келудің де қажеті болмайды: тек АХҚО юрисдикциясында резиденциясын қашықтан тіркей салу мүмкіндігі ұсыныла бастады.

Мұндай жағдайда «Астана» қаржы орталығына босқа шығындала бергенше, оны жауып тастаған жөн емес пе? Бұған вице-премьердің бірі Серік Жұманғарин да қарсы. Оның пікірінше, Мемлекет басшысы алға қойған басты міндеттердің бірі — инвестиция тарту. Басты мақсат — 2029 жылға қарай экономиканың көлемін 2 еселеу, сол арқылы Қазақстанның ЖІӨ-сінің көлемін 450 миллиард долларға жеткізу.

Еліміздің бас экономисі Президент қойған бұл міндетті орындау үшін кемінде 150 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тарту, сондай-ақ негізгі капиталға салынатын инвестициялардың ЖІӨ-дегі үлесін 23%-ға жеткізу қажет болатынын ықтады. Үкімет осы істе АХҚО көмектеседі деп үміттеніп отыр. Үкімет басшысы орынбасарының айтуынша, қазірдің өзінде елде жана тетіктер енгізілді, соның ішінде инвестициялар туралы келісімдер мен басым жобаларға арналған «жасыл дәліз» механизмі бар.

— «Астана» халықаралық қаржы орталығы бұл міндеттерді жүзеге асыруда ерекше рөл атқаруға тиіс. АХҚО ағылшын жалпы құқығының қағидаттарына, тәуелсіз реттеу мен халықаралық стандарттарға негізделген бірегей институционалдық орта ұсынады. Бүгінде орталық алаңында 85 елден 4 мыңнан астам компания тіркелген. Олар активтерді басқару мен fintech-тен бастап, жасыл қаржы және исламдық банкингке дейінгі түрлі саланы қамтиды. Осы компаниялардың Қазақстан экономикасына салған жалпы инвестиция көлемі 17 млрд доллардан асты, — деді С.Жұманғарин.

Өз кезегінде АХҚО 2025 жылдың 9 айындағы қызмет нәтижелерін ұсынды. 2025 жылдың үшінші тоқсанында бірнеше маңызды межеге жетіпті. Соның ішінде АІХ биржасы құрылған сәттен 500-ші листинг тіркелді. 9 қыркүйекте жыл басынан бергі сауда айналымы 1 млрд долларға жетті, ал 2024 жылы бұл көрсеткішке 18 қазанда жеткен еді.

Биылғы қантар-қыркүйек айларында АІХ ресми тізіміне 118 эмитенттің 142 бағалы қағазы енгізіліпті. Салыстырғанда, 2024 жылы 140 құнды қағаз тіркелген еді. Тартылған капитал бойынша биржа іске қосылғалы — 10,2 млрд доллар, соның ішінде 2025 жылдың 9 айында 3,2 млрд доллар тартылған. 2025 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша, АХҚО 17,1 млрд доллар инвестиция тартыпты. Қатысушылары бюджетке 198,7 млрд теңге салық төлеген.

Жасыратыны жоқ, «Астана» қаржы орталығы майнерлерді және цифрлық активтерді заңдастыру үшін қызмет етеді. Мысалы, заң бойынша биткойн және басқа криптовалюталарды АХҚО аясынан тыс жерде, Қазақстан территориясында алып-сатуға қатаң тыйым салынған. Бұл тыйымды бұзғандардың қолына кісен салынып, мүлкі тәркіленіп, абактыға қамалады. Алайда Президенттің ЖИ-ге және цифрландыруға арналған биылғы Жолдауынан кейін бұл ұзаққа созылған тәжірибеден мемлекет бас тартпак.

Жасанды интеллект министрі Жаслан Мәдиев өз министрлігінің криптоиндустрияны ырықсыздандыруға-либерализациялауға және цифрлық майнинг индустриясына инвестиция тартуға бағытталған жаңа заң жобасын әзірлегенін хабарлады. Түзетулер біріншіден, криптовалюталарды АХҚО-да «қамамай», бүкіл Қазақстан аумағында заңдастыруды, екіншіден, Қазақстан аумағында крипто-айырбастаудың лицензиялануын енгізуді қарастырады.

Үшіншіден, жаңа заңнамалық түзетулер қазіргі заңдағы «майнерлер өндірген цифрлық активтерді тек АХҚО-да сату» туралы міндеттемені алып тастауды, төртіншіден, криптовалюта майнингін өрістету үшін қолданыстағы электр стансаларын жаңғырту бойынша «70/30 бағдарламасы» жобасын іске асыруды қамтиды. Олай болса, Астана қаржы орталығы салмақты бір құзырынан айырылғалы тұр.

Елдос СЕНБАЙ

ӨЗЕКТІ

МӨЛШЕРЛЕМЕ: ТАРАЗЫНЫҢ ЕКІ БАСЫ



Елпәр ҚАБА (қолжазба)

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 1,5 пайыздық пунктке көтеріп, 16,5%-дан 18%-ға дейін жеткізді. Сарапшылар қауымдас-тығы арасында «экономиканың тежегіші» аталып кеткен бұл көрсеткіш — инфляцияны бақылау үшін қажет құрал. Дегенмен ол қымбатшылыққа ғана емес, экономикалық өсімге де тұсау болады. Өйткені қаржыгерлердің айтуынша, енді ақша қымбаттап, бизнес жобаларды тоқтатуға, ал халық қалтасындағы артық ақшасын депозитке ағытуға мәжбүр болады. Алайда бағаны тежеуді көздеген Ұлттық банк пен Үкіметтің бұл шешімі шағын бизнес пен қарапайым тұтынушының қалтасына ауыр тиері анық.

Кәмила ДҮЙСЕН

Жыл басынан бері Ұлттық банк базалық мөлшерлеме мәселесін алтыншы рет талқыға салды. Бұл — ел экономикасының тұрақтылығына және инфляциямен күреске тікелей әсер ететін шешімдердің бірі. Алғашқы отырыста қаржы реттеушісі мөлшерлемені 15,25 пайыз деңгейінде

қалдырған. Бірақ көктемде Ұлттық банк жаңартылған инфляциялық болжамдар мен экономикалық өсім қарқынын ескере отырып, мөлшерлемені 16,5 пайызға дейін көтерген болатын. Одан кейінгі отырыстарда мөлшерлеме 16,5 пайыз деңгейінде өзгеріссіз қалды.

Базалық мөлшерлеме — Ұлттық банктің ақша-несие саясатының басты тетігі. Ол

банктердің бір-бірінен немесе реттеуші-ден қаражатты қандай пайызбен қарызға алатынын көрсетеді. Демек, бұл көрсеткіш халық пен бизнеске берілетін несие мен депозиттердің пайыздық мөлшерлемесіне де тікелей әсер етеді. Ұлттық банктің есебінше, базалық мөлшерлеменің өзгерісі инфляция деңгейіне бірден емес, шамамен 12-18 айдан кейін айтарлықтай ықпал етеді. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, қысқа мерзімде оның әсері соншалықты сезіле қоймақ емес.

«Қажет болса, мөлшерлемені тағы да көтеріміз. Егер инфляция біртіндеп бәсеңдемесе, ақша-несие саясатының қалыпты қатаң шарттарын сақтау үшін мөлшерлемені арттыруға мәжбүр боламыз. Бірақ бұл шешім қараша айында, болжамдық раундтан кейін қабылданады. Сол кезде барлық модельді қайта қарап, толық жанартамыз. Демек, қарашада эко-

номикадағы жағдай туралы толық көрініс қалыптасады деп ойлаймын», — деді ол.

Ұлттық банк төрағасының айтуынша, сол уақытқа дейін геосаяси жағдай да айқынырақ болуы мүмкін. Сол кезде нақты шешімдер қабылданады. Ал экономист Алмас Чукиннің болжамы бойынша, мөлшерлеме кем дегенде бір жылдан кейін ғана төмендеуі мүмкін. Алайда сарапшы еліміздегі «инфляцияның өзін-өзі емдеу тетігі» бұзылған деп есептейді:

«Теория жүзінде бағаның өсуі нарықтағы сұраныстың толық өтелмегенін білдіреді және бұл өндірісті арттыру қажет деген бизнеске берілген сигнал. Сонымен қатар бағаның өсуі сол сәттегі сұранысты төмендетіп, инфляцияның «екпінін» біртіндеп басады. Бірақ, өкінішке қарай, іс жүзінде отандық кәсіпкерлер үшін өндірісті ұлғайтқаннан гөрі бағаны көтеріп, бар өнімді жоғары бағамен өткізіп, жағдайды тұрақтанғанын күту әлдеқайда жеңіл әрі қауіпсіз», — дейді ол.

Ал қаржыгер Расул Рысмамбетов базалық мөлшерлеменің 18%-ға дейін көтерілуі нарық үшін күтпеген жағдай болғанын айтты.

— Бұл — тосын шешім. Менің ойымша, Ұлттық банк инфляцияны төмендету жөніндегі өз мандаты аясында әрекет етті. Жақында экономикалық блоктың — Үкімет пен Ұлттық банктің — Президенттің басшылығымен өткізген отырысы болды. Бұл қадам, менінше, алдын ала келісілген шешім. Бірақ нарық үшін бұл бәрібір де күтпеген жағдай, өйткені мөлшерлемені дәл осылай көтереді деп ешкім ойлаған жоқ. Жалпы, жоғары базалық мөлшерлеме банктердің несиелік белсенділігіне әсер етуі мүмкін. Шынын айтқанда, тұтынушылық несиелерге оның әсері аз — себебі олар қазірдің өзінде 40%-дан жоғары мөлшерлеменен беріліп жатыр. Ал ірі корпоративтік несиелер сәл тоқтап қалуы мүмкін. Ақша қымбаттайды, демек, бизнес жаңа жобаларды кейінге қалдырады. Мұндай жағдайда адамдар мен компаниялар ақшаны инвестициялаудан гөрі депозитке салуға бейім болады, — дейді ол.

Қаржыгердің сөзінше, бұл шешім уақытша сипатқа ие. Өйткені ол Ұлттық банк әзірге инфляцияның «белін сындыруды» мақсат етіп отыр және азаматтар-

дың жинақтарын қорғауға тырысуда деп есептейді.

— Бұл — нарыққа жіберілген нақты сигнал: Ұлттық банк сонына дейін инфляциямен күрес жүргізуге дайын. Инфляцияның қарқыны төмендегеннен кейін, менінше, мөлшерлемелер де біртіндеп төмендей бастайды. Қазір жылдық инфляция шамамен 12,9% деңгейінде. Бұл, әрине, қыркүйек айы үшін жоғары көрсеткіш. Тамыз айында Ұлттық банк ең төменгі жалақыны индекстеу туралы мәлімдеді. Ал номиналды жалақы дегеніміз — инфляция деңгейін алып тастағаннан кейінгі нақты табыс. Яғни, инфляция жоғары болған сайын, халықтың нақты табысы азаяды. Сондықтан 18% — бұл өте жоғары мөлшерлеме. Соңғы жылдары бұлай болғаны есімде жоқ. Бұл Ұлттық банктің қатаң саясатының көрінісі және қазіргі жағдайда уақытша болса да, қажет шешім деп есептеймін, — дейді Расул Рысмамбетов.

Демек, Ұлттық банк базалық мөлшерлемені көтерсе, ақша қымбаттайды, яғни несие мен қарыз алу құны өседі. Мұндай жағдайда кәсіпорындар мен азаматтар шығындарын азайтып, жинақтауға көбірек мән береді. Тұтыну төмендеген сайын баға өсімі де баяулайды, сөйтіп инфляцияның қарқыны тежеледі. Экономист Алмас Чукиннің болжамынша, енді ипотека мен автонеие бойынша мөлшерлеме 24-25%, ал тұтынушылық несиелер 40% шамасына дейін көтерілуі мүмкін. Оның айтуынша, базалық мөлшерлеменің 18%-ға дейін өсуі — «сейсмикалық әсері бар оқиға». Сондай-ақ сарапшы Үкіметтің ЖІӨ өсімі туралы жағымды мәлімдемелеріне күмәнмен қарады:

«Инфляция жоғары болса, ұлттық валютамен есептегенде, экономика өсім көрсетуі анды. Бір жыл бұрынғыдай көлемде оның өндіріс де, баға өскендіктен, ақшалай есептегенде көрсеткіштер жоғарылайды», — деді ол.

Экономистің айтуынша, инфляция мен базалық мөлшерлеме қазіргідей деңгейде тұрғанда, экономиканың сапалы өсуі туралы айту қиын, себебі мұндай жағдайда инвестиция салуға екіншісі бірі бара бермейді. Тек сауда саласы ғана белгілі бір белсенділікті сақтауы мүмкін. Дегенмен бағаның шектен тыс өсуі сұранысты әлсіретіп, тұтыну нарығын да тежей бастады.

ТҮЙТКІЛ



БАЛ ҰСТАҒАН

(Басы 1-бетте)

Айсұлу СЪЕЗХАН

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Аккредиттелген қауымдастық мүшесі, омарташы Бауыржан Бельдешов елде араларды емдейтін дәрігер мамандар мен ғалымдардың жетіспейтінін айтты.

— Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында ара шаруашылығы бөлімі жұмыс істейді. Өкінішке қарай, араның неден ауырғанын анықтап беретін мамандар да, лаборатория да жоқ. Біз осы ауру шығар деп өз бетімізше әрекет жасаймыз. Одан жағдай реттелмесе, карт омарташылардан сұраймыз. Әртүрлі шөпті қайнатып, қантпен араластырып береміз, адамға беретін дәрілерді де пайдалануға тура келеді. Бұрын егін шаруашылығында жүргендер бал арасы болмаса да, өсімдік тозанданады дейтін. Қазір пестицидтердің кесірінен жабайы аралар да қырылып жатыр. Оны біліп, зерттеп жатқан адам жоқ, — дейді Б.Бельдешов.

Білікті маман елімізде, әсіресе көктем кезінде америкалық шірінді, еуропалық шірік ауруы да кең таралатынын айтады. Қазақстанның климаты шұғыл континенталды болғандықтан, наурыз айының онына қарай қатты суық араларға кері әсерін тигізеді. Күн жылы кезде ара дернәсілін салып

бейімделу ерекшеліктерін анықтап, болашақта селекциялық желі құруға негіз болатын мәліметтер жинақтап келеміз. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні пайдаланып араларды бақылау, ауруды ерте анықтау бойынша да идеямыз бар, — дейді ғалым.

Ғалымдардың алдағы мақсаты — зерттеудегі ерекшеліктерге сүйеніп, отандық селекциялық бағыт қалыптастыру. Әзірге бұл уақыт еншісіндегі іс демекпіз.

«Бал-Ара» қауымдастығының вице-президенті Ғабит Нұрәділұлынан да ара аурулары туралы білдік. Ғабит мырза қазір Даниядағы омарташылар форумында жүргенін, шетел тәжірибесін баяндап берді.

— Әлемді толғандырған үлкен мәселе — кене, араның варроатоз ауруы. Конгресс барысында антибиотиксіз емдеу жолдарына көңіл бөлдік. Данияда жылу арқылы емдеу, шөптермен, органикалық заттармен емдеу қолға алынған. Қазір елімізге жыл сайын Өзбекстаннан 200 мыңнан аса пакет ара тұқымы әкелінеді. Сол пакеттермен бірге араның әртүрлі ауруы да келіп жатыр. Одан соң фермерлер жоғары класты пестицидтерді қолданып, алқаптарды өңдеген кезеңде омарташыларға ескертпей, көптеген уя қырылып жатыр. Бұдан соң құрылтайлардың да араға зияны тиіп жатыр. Әр омарташы мұнымен әртүрлі тәсілмен күресіп бағуда. Араның жабайы түрлері де бал арасына шабуыл жасайды. Осы мәселелер төңірегінде де шетелдік әріптестермен талқылау жасап жатырмыз, — дейді кәсіби омарташы.

КОПЕНГАГЕНДІКТЕР БАЛКОНДА АРА ҰСТАЙДЫ

Ғабит Нұрәділұлынан Скандинавия елдеріндегі ара шаруашылығы туралы бірталай мәлімет алдық. Маманның сөзінше, Данияда омарташылардың 90%-дан астамы — әуесқойлар. Данияның әр азаматы бір жылда 700 грамм бал жейді, ал елімізде бір адам жылына 50 грамм ғана тұтынады. Әрине, екі көрсеткіш арасы жер мен көктей. Омарта ісінің тұралап қалғанын осы көрсеткіш те растап тұрғандай.

— 2025 жылы Алимонджанын конгресінде Скандинавия елдері бірлесіп омарташылар форумын өткізуге ұсыныс тастаған. Оған Венгрия қарсылас болды, бірақ дауыс беру нәтижесінде бірлескен елдерге жолдама бекітілді. Скандинавия елдерінде 28 мыңдай омарташы бар, омарташылар конгресі Данияда өтті, Швеция, Норвегияға тек тұра барлық. Дания омарташылығын айтсақ, 100-150 мың ара жанұясын ұстайды. Гренландия аралының оңтүстігінде де қара орман арасын өсіреді. Омарташылар тозандандырудан жақсы табыс табады. Дания — энтомофильді дәнді дақыл өсіруден Еуропада алдыңғы қатарға ие мемлекет. Данияда қалалық омарта шаруашылығы жақсы дамыған. Копенгагендіктер үй төбесі, балконда да ара ұстай береді. Бізге де бұл қажет деп ойлаймын. Кенес үкіметі кезінде мұндай тәжірибе болған. Алматының дәліздерінде, балкон-шатырларда, саябақтарда ұстайтын едік, — дейді Ғ.Нұрәділұлы.

Айта кетерлігі, омарташы мамандығы да дүниежүзілік деңгейде қартайып барады. Бұлай деуіміз — бала кезден омарташы боламын деп армандайтын жастардың аздығы. Елде омарташыларды қолдауға арналған қолдаудың тетіктері толық қарастырылмай тұр. Омарташыларды қолдап жүрген ұйымның бірі де, бірегейі — «Бал-Ара» омарташылар одағы. Қоғамдық ұйым омарташылыққа қызығатын жастарға шетелде ақысыз білім алуына мүмкіндік беріп, жүздеген шәкірт тәрбиелеп шығарған. Жас мамандарға заманауи қондырғы-құрылғылар алуға қаржы беріп, несиеіні балмен өтеуге де мүмкіндік берген.

— Елімізде нақты қанша омарташы еңбек ететіні белгісіз, болжаммен 12 мың омарташы бар. Былтыр 5 мың тон-

наға жуық бал алдық, орта есеппен 450 мыңдай омарта жанұясы бар. Қазақстан климатына карпатқа, карника, орта орыс тұқымы бейімделген. Бір ара 150 түрлі шөптен тозан жинайды. Тау балы, орман балы, дала балы, құнбағыс, қарақұмық балын алу қолайлы. Біз осы жөнінде үш тілде кітап та шығарғанбыз, омарташыларға да пайдасын тигізіп отыр. 2009 жылы омарташылар одағын құрған кезде бал өндірісі 1 мың тоннадан аспаған еді. Бұдан кейін қызығушылық пайда болды, әр өңірге барып омарташыларды оқыттық, тәжірибе алмастық. Отандық мамандарды Ресейдегі омарта академиясына 3 мәрте, әртүрлі деңгейдегі омарташыларды Израильге 8 мәрте жібердік. 9, 11-сыныпты аяқтаған талапкерлер Польша мен Словакия елінде оқып жатыр, — деп баяндады вице-президент.

ЖАС ОМАРТАШЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Жақында Польшадағы оқуын аяқтап, елге оралған омарташы Әлихан Наурызбайдан да ара ісі жөнінде сұрап білдік. Жас маман Алматы облысының Талғар ауданында кәсібін бастаған.

Алматы мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтына ара ауруларымен күрес жөнінде ақпар сұрап хат жолдадық, бірақ одан жауап болмады. Қазір жыл өткен сайын араның түрлі ауруы өршіп тұр. Ара да адам секілді ауырады, іші өтеді, тіпті өзіне тән сал ауруы бар. Оны ғылымда «ара корона-вирусы» дейді. Вирус жұқтырған кезде аралар қатты дірілдей бастайды, ұша алмай, кейін өліп қалады. Ауру белгілері алты күннен кейін ғана байқалады.

— Польшада ара шаруашылығын дамытудың көп жаңа тәсілін көрдім. Ұнағаны, олар бәрін жүйелі, нақты есеппен істейді. Ара ұясындағы температура мен ылғалды арнайы құрылғылар арқылы бақылайды. Бізде де сондай технологияларды енгізсек, өнім сапасы, ара денсаулығы да жақсырақ болар еді. Елімізде де саланы оқыту дамып келе жатыр, бірақ тәжірибе аз, көбіне-көп теория беріледі. Польшада оқып жүріп, практикада Аустрия, Чехия омарташыларынан білім алдым. Көктемгі ауа райының құбылмалығы — үлкен сын. Мұндай кезде ең алдымен ұяларды жылу мен желден қорғауға мән беремін. Қыстан шыққан соң араларды бірден кеңейтіп жібермей, аздап уақыт беремін. Қосымша қорек пен табиғи жылыту әдістерін қолданамын. Кейде пленка немесе қосқабатты қақпақ пайдалану да жақсы нәтиже береді. Ұядағы ылғал мен температураны тұрақты ұстап тұру керек, сонда аралар аман қалады, — деді Ә.Наурызбай.

Әлихан омарташы Қазақстанда шетелдік тұқымдар көбірек тарағанын, отандық тұқыммен айналысып жүрген мамандардың аздығын да айтты. Отандық тұқымды өсіру — ұзақ әрі күрделі жұмыс. Ғылыми-зерттеу мен қолдау аз болғандықтан, бұл бағыт та баяу дамып жатыр.

АШ АРА АШУЛАНШАҚ КЕЛЕДІ

Жас маман омарта шаруашылығында жер бөлу мәселесі толық шешілмегенін, көп омарташы жерді уақытша жалға алып жұмыс істейтінін жеткізді. Тағы бір қиындық, ара өнімдерінің бағасы тұрақсыз және кейде сапа бақылауы әлсіз. Бұл тұрасында Республикалық ара шаруашылығының Оңтүстік аймақтық филиалының директоры Бауыржан Бельдешовтің әңгімесін тыңдадық. Оның сөзінше, Үкімет тарапынан мал және егін шаруашылығына қатысты өсімдіктерді дамытуға арналған бағдарлама бар, техникалар жасалды,

бірақ омарта шаруашылығына қатысты арнайы бағдарлама жоқ.

— Жер бөлу мәселесі бізге үлкен арман болып тұр. Ара шаруашылығына жер бөлінбейді, бөлінгенін көрген де емеспін. Ара 5 шақырым жерге дейін ұша алады, арқаңдаулы ат секілді ары қарай кете алмайды, ары кетсе, ұясына жете алмай қалады. Сондықтан жайылым тар, араны көп мөлшерде ұстай алмаймыз. Шаруашылықты үлкейте алмауымыздың себебі де — сол. «Итті сүйекпен ұрсан, қыңсыламайды» деген мақал бар ғой. Жер берілетін болса, омарташы шырын, тозан алу үшін әртүрлі уақытта гүлдейтін өсімдіктер, рапс, қыша өсіре алады. Мол гүл болса, араның да қуаты, иммунитеті мықты болады, онша-мұншаға ауырмайды, — дейді Б.Бельдешов.

Маман кеңес кезінде омарта ұстауға қатысты шектеулер мен нормалардың болғанын айтты. Мәселен, ештеңе егілмеген жерге 50 уя ұстауға ғана рұқсат етілген, одан көбейсе, ара шығады. Ал қазір ауылдық өңірлерде кейбір омарташы 500-1000 ұяға дейін ұстайды. Ондайда аш ара ашуланшақ, ызакор боп, айналасын шаға бастайды, одан соң көр-

ші-қолаң шағымданады. Ама! жоқ, осының салдарынан да сала ақап тұр. Омарташылар жері бар, шөбі бар мамандарды жағалап, соларға ақысын төлеп жүр. Бір қызығы, шетелдік фермерлер тозандандыру ісінде арнайы ара ұяларын алдырып, керісінше, омарташыларға ақша төлейді екен. Омарташылар балдан емес, тозандандырудан ақша тауып отыр. Қазір еліміздің шығысымен қатар солтүстігінде де құнбағыс өсіру дамып келеді. Б.Бельдешов солтүстікте құнбағыстан мол өнім алу үшін ара арқылы тозандандыру мүмкіндігі бар, бірақ сол мүмкіндік іске аспай жатыр дейді.

— Тозанданбаған құнбағыстың гүлі бос болады, яғни дән байламайды, сондықтан солтүстікке ара көшіруді қаржыландырса деймін. Араны алып келудің өзі көп шығынды, уақытты талап етеді. Тәуекелі мен қауіп де жоқ емес, араны тек түнгі уақытта көшіреді, жаздыңүні түн өте қысқа, азантай жер жүре аламыз. Мысалы, Шымкенттен Қостанайға бес түн жүріп жеткен кездер болған. Жол ыстық болады, араға суын құю керек. Сосын ұяны жол бойына қоя алмайсыз, олар ары-бері ұшады. Жолдағы көліктерге соқтығысады, сөйтіп қырылады, шығындар болады. Барған кезде бал бола ма,

Қазақстанның әлеуеті жоғары болғанмен, арнайы бағдарлама, субсидия, қайтарымсыз, не төмен пайызды гранттар, банктік несиелер болмауы аяққа тұсау салады.

БАЛ БОЛМАСА, СУБСИДИЯ ЖОҚ

Уақытында еліміздің шығыс өңірінде әр ұяға 10 мың теңгеден субсидия беріліп келген еді. Соның арқасында табиғаты қолайлы жерде кәсіп жүргізу үшін талай омарташы шығысқа қоныс аударған. Субсидия шығыс өңірінде 10 жылға жуық беріліп келді. Кәсіпкерлер сол уақытта жаңадан уя сатып алды, араны қыста сақтайтын жертөлелер салды.

— Өкімнің жәрдемі тиіп, омарташылар еңсесін көтерген еді. Қазақстанның басқа түкпірлерінде де осындай қолдау керек. Қызылорда облысы керісінше, субсидия бермей, бюджеттен қарастырмай қойды. Бар нәрсені бермей омарташыларға үлкен зиян келтірді. Сыр өңірінің бойы ара шаруашылығына өте қолайлы. Ерте көктемнен қара күзге дейін еш жерге көшпей-ақ бал алуға мүмкіндік бар. Қызылордалықтардың субсидия ала алмай жүргеніне ішім ашиды, — дейді Бауыржан мырза.

Кезінде шығыс халқы әр ұяға 10 мың теңге көлемінде жәрдем алса, өзге өңірлер 5 мың теңге алып келген еді. Аз да болса бұл көмек селекциялық асылдандыруға оң әсер еткен. Биылдан бастап субсидия алудың нормалары өзгерді. Субсидия асылдандырылған ара саына емес, өнімнің мөлшеріне беріледі.

— Біріншіден, омарташы Республикалық омарташылар палатасына тіркелуі керек. Әр уя 100 келі бал береді деп есептеледі. Бал алған соң өкімшіліктегі ветеринария бөлімінің қызметкерін шақыртасыз. Маман балдың мөлшерін көріп, сынама алады. Табиғи тап ма, сапасы төмен бе, соны анықтау үшін зертханаға өткізеді. Сізге қорытынды қағазын береді. Сіздіңменен бе, кәсіпорынымен келісімшартқа отырасыз, келісімшарт бойынша ақша банк жүйесі аясында өтуі керек. Осы құжаттарыңызды көрсетсеңіз, әр келі балыңызға 200 теңгеден субсидия беріледі. Халық әзірге үйрене алмай жатыр, бәлкім алда ақырындап үйреніп кетер. Бір жақсы жері, коррупцияның алдын алады. Себебі тікелей омарташы мен өкімдік, банк арасындағы қағазға бөтен адам араласа алмайды. Тек табиғаттың қолайсыз жағдайы кері әсер етті, — дейді Б.Бельдешов.

Биыл оңтүстік пен шығыс өңірінде қуаңшылық болып, бал аз шықты. Мұндай жағдайда субсидияға іліну мүмкін емес, тәртіп бойынша әр ұядан 100 келі шығу қажет. Демек, бал болмаса, субсидия да жоқ. Керісінше, солтүстік өңір үшін биылғы маусым қолайлы, өнімді болды. Өзге өңірдің омарташылары келер жылдан үміт күтіп отыр.

АРАНЫҢ ҰЫ — ЕМ

Ғалымдардың зерттеуінше, омартамен айналысқан адам қарапайым адаммен салыстырғанда ұзағырақ өмір сүреді. Араның балымен қатар, оның сүті, наны, прополисі, түрлі өнімі адамға шипа, тіпті оның уы да дертке ем. 2015 жылы BBC News сайтына Кристи Уилкокстың материалы жарық көреді. Материалда 27 жасар Элли Лобельді кене шағып алып, Лайм ауруына шалдыққаны, ауруды қалай еңсергені баяндалады. Элли өзін кене шағып алғанын білмей, дәрігерлер дұрыс диагноз қоймай, ауруы асқынып, мүгедек болып қалады.

Элли бұл ауруымен 15 жыл күресіп, соңында жарық дүниені, табиғатты соңғы рет көру үшін күтүшесімен бірге Калифорния штатына кетеді. Сол арада оған жабайы аралар шабуыл жасап, Элли осымен өмірін бітті деп ойлайды. Керісінше, араның уыты Эллиға шипа болып, ертен өлем деген адам кеселінен құлантаза айығып кетеді. Ара уы Азия жерінде ғасырлар бойы емдік мақсатта қолданылған, өкінішке қарай қазір бұл саланы зерттеп, медицинада қолданып жүрген мамандар саусақпен санарлық. Дей тұрғанмен, Қазақстанда бұл салада зерттеу ісі кейінгі 30 жылда жасарып келе жатыр. Тек ғылыми орталықтар мен зертханалардың жоғы қол байлайды. Balshifa ағзаны тазарту орталығының негізін қалаушы, диетолог, валеолог Шахмарал Ағыбайұлы апитерапия жөнінде әңгімелеп берді.

— Омарташылар тек бал алып сатады немесе балмен ғана емдей ме деген түсінік бар. Негізінде, бал ара 10 түрлі өнім береді. Сол 10 түрлі өнімді адамның жасына, салмағына, бойына және мазалаған ауруына байланысты, яғни антропометриялық өлшеміне сәйкес ағзаға кезек-кезегінен береміз. Кез келген адам 11 түрлі жүйеден құралған. Адам — кешенді түрде жұмыс істеп тұрған биологиялық субъект. Біз осы жүйелерді емдеміз, кезек-кезегінен тазартамыз. Адам ағзасына да толық тазару керек. Тұтынып жатқан ас, су, ауа арқылы да ағзада түрлі шлақ, токсин жиналып бойы жиналады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, бүкіл диагноздың 82%-ы асқазан-ішек жолынан, ас ішектегі мәселеден туындайды. Біз алдымен асқазан-ішек жолын тазалап, содан кейін оған ара өнімдері арқылы керекті дәрумен, макро, микроэлементтерді ұсынамыз, — дейді дәрігер.

Ара ісіндегі жетістікті де, түйткілді де сараптауға тырыстық. Бір қарасаң, кішкентай қанатты жәндіктің ғаламды құтқаруға қауқары қалай жетеріне таңтамаша боласын...



14 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Медицина саласының мамандары бір мәйіттің ағзасы 7 адамның өмірін сақтап қала алатынын айтады. Бірақ, екіншіке қарай, Қазақстанда бұл мүмкіндік толық пайдаланылмай отыр. Өйткені заңда жазылған ереже бар, әр адамның таңдауынан бөлек, туысының шешімі де ескеріледі. Қазір елімізде 4 мыңнан аса адам ағза трансплантациясын күтіп отыр. Олардың қатарында кішкентай балалар да бар. Бұл – жай ғана статистика емес, әрбір сандардың артында тағдыр мен күрес, үміт пен сенім тұр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

2020 жылға дейін заң бойынша адам көзі тірісінде «донор боламын», я «донор болмаймын» деп ресми түрде жазбаса, қайтыс болған соң оның ағзасын алуға рұқсат болатын. Ал жана ережеге сай, енді бәрі марқұмның туыстарының шешіміне тәуелді. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсылық Доскалиевтің айтуынша, ағзаға мұқтаж адамға тек жақын туысы донор болса, тәуекелдік екі адамның басына қатар туады.

— Қазір елімізде донорлық тақырыбында бірқатар мәселе бар. Мысалы, науқасқа тірі адамнан не болмаса жақын туысынан трансплантация жасалды делік. Бірақ келешекте донордың өзі реципиент болып қалуы мүмкін. Өйткені қазір реципиенттердің мұқтажлығы жүрек, бауыр, өкпе, бүйрек және көздің алдығы терезесі сияқты ағзаларға артып отыр. Ал бұл ағзаларды мәйіттен трансплантация жасау процесі елімізде әлі де кешеуілдеп келеді. Адам көзі тірісінде донор боламын я болмасын айтқанымен, о дүниелік болған соң туыстардың рұқсатын сұрау керек. Көп жағдайда олар келісім бермейді. Осындай екішұты пікірдің түйіні шешілмей отыр. Парламентте осы заң қайта қаралады. Оған қоғамның да пікірі керек болатын шығар деп ойлаймын. Адам қайтқаннан кейін мәйітке оның ағзасы керек емес. Көп болса бір 5-6 жыл жердің астында жатқанда, дымда қалмай еріп кетеді. Бірақ бір мәйіт 5 адамның өмірін жалғастыруға мүмкіндік береді. Дамыған елдерде ортан 70-80% мәйіттен алынып салынады. Ал Еуропа елдерінде, соның ішінде Италия, Германияда органды 90% мәйіттен алады. Дамыған елдер қатарына қарай келе жатырмыз дейміз ғой. Ендеше, санамызды да түзеуіміз керек. Донор болуға асығайық, — деді ғалым.

ҮМІТ ПЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ТОҒЫСЫ

Донор болу бір басқа да, ағзаны сату басқа. Елімізде мұндай заңмен тыйым салынған әрекетке барғандар да, екі ортада делдал болғандар да жауапқа тартылады. Сондықтан қазіргі таңда донорлық мәдениетті дамыту — тек медицина саласының емес, қоғамның жалпы гуманистік даму деңгейін айқындайтын көрсеткіш. Орта есеппен жыл сайын 200-300 пациентке ағза трансплантациясы жасалады екен. Елімізде 40 донорлық стационар жұмыс істейді, сондай-ақ ағза трансплантациясын жүзеге асыруға лицензиясы бар 7 жоғары мамандандырылған орталық қызмет көрсетеді:

үшеуі — Астанада, біреуі — Алматыда, сондай-ақ Шымкент, Ақтөбе және Түркістан қалаларында орналасқан.

Медицина ғылымының кандидаты, дәрігер-кардиохирург Тимур Достайұлы трансплантацияның негізгі қағидасынсыз орган алмастыру мүмкін емесін айтады. Яғни, негізгі қағида — трансплантацияға қажетті органды таңдау әр науқаспен жеке-дара жүргізіледі, оның ішінде науқастың

ЖАЛҒАН СА ӨМІР ӨЗЕГІ

жеке ерекшеліктері мен жасуша тіңдерінің үйлесімділігі сияқты маңызды критерийлер де ескеріледі. Айтуынша, егер науқасқа қажетті ағза табылмаса, донорлық орган сәйкес келмесе немесе оның жағдайы күрделі болса, онда механикалық циркуляторлық қолдау құрылғысы ұсынылады. Бұл құрылғы сол жақ қарыншаның қызметін уақытша атқарып, жүректегі қан айналымын тұрақтандырады. Нәтижесінде, ол науқастың өмірін сақтап, донорлық ағза табылғанға дейінгі кезеңде жүректің жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүрек трансплантациясы әр науқасқа бірдей жасала бермейді — ол адамның жалпы жағдайымен қатар, жүретін ауруларына байланысты қатан медициналық көрсеткіштер негізінде ғана жүзеге асырылады.

— Жүрек трансплантациясы — ең күрделі оталардың бірі, сондықтан ол өмір сүру ұзақтығы шектеулі немесе ағзасы айтарлықтай әлсіреген науқастарға жасалмайды. Себебі мұндай операция организмге үлкен салмақ түсіреді және қалпына келу кезеңі де күрделі өтеді. Трансплантация инфекциялық удеріс белсенді жүріп жатқан науқастарға да қарсы көрсетілген. Мысалы, бактериялық немесе вирустық аурулар кезінде ота жасау отадан кейінгі асқинуларға алып келіп, науқастың жағдайын күрт нашарлатуы ықтимал. Ота жасалмайтын тағы бір санат — декомпенсация кезеңіндегі науқастар. Бұл кезде бүйрек, бауыр немесе өкпе сияқты өмірлік маңызды ағзалар өз қызметін толық орындай алмайды. Мұндай жағдайда алдымен сол ағзалардың жұмысын тұрақтандыру қажет, тек содан

ӘЛЕУМЕТ



Елаш КАБА (қолғау)

24-36 сағат, ал жүрек бар болғаны 4-6 сағат қана сақталады. Ал егер Transmedicus аппараты қолданылса, жүректі 24 сағатқа дейін тірі күйде ұстауға мүмкіндік бар.

ЖАҢА ТЫНЫС, ЖАҢА ТАҒДЫР

Бүгінде медицинаның дамуы талай жаңа жана өмір сыйлап отыр. Өмір мен өлімнің арасындағы арпалысты бастан өткеріп, жана тынысқа ие болған жанның бірі — Бибігүл Жүкенова. Оған емі жоқ аурудың диагнозы қойылған. Яғни, тек өкпе трансплантациясы жасалғанда ғана дертінен айығып, қиындығы артта қалатыны айтылыпты.

— Маған сау өкпені трансплантациялау керек болды. Алайда 2014 жылдары мұндай ота елде жасалмайтын еді. Басқа елге

Донорлық ағзалар алынғаннан кейін әр сағат қымбат бола түседі. Кριοкамера жағдайында өкпе небәрі 6-8 сағат, бауыр – 12 сағат, бүйрек – 24-36 сағат, ал жүрек бар болғаны 4-6 сағат қана сақталады.

Былтыр елде шамамен 250 ағза трансплантациясы жасалыпты. Бұл — алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім барын көрсетеді: 2023 жылы мұндай операциялар саны 200-ден сәл асқан болатын. Дегенмен көрсеткіштің артуына негізінен тірі донорлар себеп болған. Барлық отаның ішінде 227-сі — туыстық донорлық, ал небәрі 23 жағдай ғана — өлімнен кейінгі донорлардан алынған ағзаларға тиесілі. Бұл статистика елімізде постморталды донорлықтың үлесі әлі де төмен, шамамен 15 пайыз шамасында екенін аңғартады. Донорлық ағзалар алынғаннан кейін әр сағат қымбат бола түседі. Кριοкамера жағдайында өкпе небәрі 6-8 сағат, бауыр — 12 сағат, бүйрек —

барғым да келмеді. Екі жылдан кейін, Жүрек орталығында өкпені трансплантациялау бағдарламасы басталды. Сонда мені шақырып, күтушілер тізіміне қосты. Тізімде кезегімді үш жыл күттім. Сол кезеңде денсаулық жағдайым жақсы болмады. Тіпті жүре алмай, арбаға танылды. Оттегі концентратын тағып жүрдім. Қай жағынан алып қарасак та қиын болды, кеудеге ауыр тасты қойғандай боласын. Үмітім әбден үзілгенде донор табылды. Жас жігіт қайтыс болыпты. Жігіттің өкпесін маған беруге анасы келісім беріпті. Ота сәтті жасалды. Донордың ата-анасының алдында мәңгі қарыздармын, — деді реципиент Б.Жүкенова.

АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙДЫ

Алматы облысында биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен қаралған әкімшілік істердің қалыптасқан сот практикасы талқыланды. Жиындан Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті ұйымдастырды.

Көктем ҚАРҚЫН

Шараға облыстық сот, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьялары және жергілікті атқарушы органдар өкілдері қатысты. Аталған жиында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңды тұлғалардың мүдделерін әкімшілік сот тәрелігі аясында мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерінен қорғауға қатысты бірқатар мәселе талқыланды.

— Облыстық мемлекеттік органдарға жыл басынан бері 205 мыңнан астам шағым түсіп, олардың 137 мыңнан астамы қаралған. Шағымдардың басым көпшілігі жер мәселесі, сәулет және тұрғын үй қатынастары, еңбек құқықтары, білім беру, көлік және коммуникация мәселесіне қатысты, — дейді Қазакстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы Нұрлан Ауғанбаев.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШІ ҚАРАЛДЫ

Алматы облысы әкімі аппараты азаматтардың өтініштерін қарауды бақылау бөлімінің басшысы Зухра Токбаева кейінгі уақытта тұрғындар тарапынан өтінішпен жүгінушілердің айтарлықтай көбейгенін айтады. Оның айтуынша, әсіресе өңірдің Қарасай және Іле аудандарынан

түсетін электрондық өтініштердің саны артқан.

— Соңғы айларда тұрғындар көбіне әлеуметтік мәселелер, инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қатысты шағымдар мен ұсыныстар жолдауда. Бұл азаматтардың өз құқықтарына бейжай қарамай, мемлекеттік органдармен ашық байланыс орнатуға ұмтылатынын көрсетеді, — дейді Зухра Токбаева.

Оның сөзінше, барлық өтініш «е-Өтініш» бірыңғай платформасы арқылы тіркеліп, тиісті органдарға жолданады. Тұрғындардың сауалдары мен шағымдары белгіленген мерзім ішінде қаралып, нәтижесі өтініш иесіне міндетті түрде хабарланады.

— Облыс әкімдігінде «Алматы облысының ықтимал әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасы» тоқсан сайын жасакталып, аймақ басшысы тарапынан бекітіледі. Оған қоса, «Өзекті мәселелер картасы» жасалды. Соған сәйкес, облыс әкімінің қатысуымен азаматтарды қабылдау жүргізіліп, хаттамаға енгізіледі. Сол арқылы жауапты мекеме басшысына тапсырма беріліп, оның орындалуы бақылауға алынады. Жеке және заңды тұлғалар электронды цифрлық қолтаңба кілтін пайдалана отырып, өз өтініштерін «е-Өтініш» акпараттық жүйесі арқылы қалдыруға және мемлекеттік органдарға келіп түскеннен бастап орындалу дәрежесінің тізбесімен танысуға мүмкіндігі бар, — деді Зухра Токбаева.



Департамент бастығы Нұрлан Ауғанбаев жиын барысында арыздарды қарау сапасы төмен екенін атап өтті. Мемлекеттік органдарға түсетін өтініштер саны артқанымен, олардың мазмұнды әрі сапалы қаралу деңгейі әлі де сын көтермейді.

— Әлі де болса көптеген кемшілік болып отыр. Оған тұрғындар тарапынан түсетін арыз-шағымдар дәлел. Алайда осы арыздарға сапалы, толық жауап берілмейді. Тіпті қарапайым хаттарға да мардымсыз жауаптар келеді. Мұның өзі мәселенің қайта туындауына себеп болады. Ал мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру, ең алдымен, қызметкерлердің жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан бұл бағыттағы бірлескен жұмыс алға қарай да жалғасын табады. Біз осы негізде құқықтық статистиканың шынайылығын қамтамасыз ету және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша жүйелі жұмыстарды жүзеге асырамыз, — деді Нұрлан Жолдасұлы.

Сонымен қатар ол арыздарды қарау барысында азаматтармен кері байланыс орнату мәдениетін күшейту қажет екенін баса айтты. Оның сөзінше, әр өтініш — нақты мәселенің көрінісі, сондықтан оған неміқұрайлы қарау қоғам мен билік арасындағы сенімге нұқсан келтіреді.

— Халықтың сенімін арттыру үшін әрбір өтінішке бейжай қарамай, нақты шешімін табуға күш салу керек. Тұрғын-

дардың көтерген мәселелері билік жұмысының айнасы іспетті. Сондықтан біз осы бағытта бақылауды күшейтіп, жауап беру сапасын жақсартуға тиіспіз, — деді департамент басшысы.

ПОЛИЦИЯНЫҢ ЕСІГІ ӨРҚАШАН АШЫҚ

Жақында Алматы облысы полиция департаментінде кезекті азаматтарды қабылдау шарасы өтті. Полиция департаментінің басшылығы кезекті рет тұрғындарды қабылдап, олардың мәселелерін шешуге бағытталған маңызды шара өткізді. Қабылдау жүзбе-жүз және онлайн форматта ұйымдастырылып, қала мен шалғай аймақтардың тұрғындары өз өтініштері мен сұрақтарын жеткізді.

Кездесу барысында қылмыстық істерді тергеу мен тергеу бөлімшелерінің жұмыс сапасын арттыру, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелер кенінен талқыланды. Әрбір өтініш жеке қаралып, нақты тапсырмалар жүктелді. Берілген тапсырмалардың орындалуы департамент басшылығының қатаң бақылауында болатыны атап өтілді.

Қабылдауға арнайы келген тұрғындар өздерінің көкейіндегі сұрақтарды қойып қана қоймай, полиция қызметкерлерінің атқарып жатқан еңбегіне ризашылықта-

рын білдірді. Олар азаматтардың мәселелерін дер кезінде тыңдап, шешуге ұмтылған басшылыққа алғыс айтып, мұндай кездесулердің жиі өткізілуі қоғам мен полиция арасындағы сенімді арттыратынын жеткізді.

Бұл — халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімінің артып келе жатқанын, сондай-ақ полиция жұмысына деген оң көзқарастың қалыптасқанын көрсетеді.

— Ашықтық, шынайылық және халықпен кері байланыс — біздің басты қандаттарымыз. Біз тек тыңдап қана қоймай, тыңдаған мәселелерді бірге шешуге күш саламыз. Полицияның есігі әрқашан ашық, — деді облыстық полиция департаментінің бастығы Мейрам Әбікеев.

Оның айтуынша, азаматтарды қабылдау шаралары алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп, құқықтық тәртіпті нығайту мен қоғаммен сенімді қарым-қатынасты дамытуда маңызды рөл атқара бермек. Сонымен қатар мұндай кездесулер арқылы халықтың нақты ұсыныстары ескеріліп, полиция қызметінің сапасын жақсартуға бағытталған шаралар қабылданады.

Мейрам Әбікеев өткізген бұл қабылдаудың мақсаты — құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттырып, қоғаммен тиімді кері байланыс орнату. Жеке қабылдауға келген 10 азамат қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, тұрмыстық және әлеуметтік сипаттағы мәселелер бойынша өтініштерін білдірді. Әрбір өтініш мұқият тыңдалып, нақты шешім табылған шаралар тапсырмалар тиісті басқарма және аудандық бөлімше басшыларына берілді. Бұл тапсырмалардың орындалуы департамент басшылығының тікелей бақылауында болады.

Азаматтарды қабылдау шаралары бүгінде өңір полицейлерінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Бұл бастама құқық қорғау органдарының ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, халық сенімін нығайтуға және құқықтық мәдениетті арттыруға жол ашады.

АЙМАҚ

ЭКОСАНА

ШЫМКЕНТТІҢ ШЫРАЙЫ КІРІП КЕЛЕДІ



Шымкент қаласында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен табиғатқа ұқыпты көзқарасты насихаттауға бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қарқынды жалғасуда. Табиғатты аялау – әр азаматтың борышы екенін ұғындырған бұл игі бастамаға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков те белсене қатысып, тұрғындармен бірге «Астана» шағынау-данында көшет отырғызды. Жаңа егілген ағаштар мегаполистің жасыл келбетін толықтырып қана қоймай, қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы экологиялық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Іс-шара барысында мегаполис басшысы табиғатты қорғау мен қоғамның бірлігін нығайтуға бағытталған мұндай акциялардың маңызына ерекше тоқталды. «Ағаш отырғызу – болашақ ұрпаққа жасалған қамқорлық. Мұндай шаралар қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттырып, қоғамның ауызбіршілігін күшейтеді. Әрбір тұрғын өз қаласының тазалығы мен көркеюіне үлес қосуы тиіс», – деді қала басшысы Ғабит Сыздықбеков.

Күзгі көгалдандыру маусымы аясында Шымкенттің орталық көшелерінде, саябақтар мен гүлзарларда, сондай-ақ тұрғын үй аулаларында ағаш отырғызу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл шаралар қаланың жасыл инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Экологиялық акция аясында ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының мамандары да сенбілікке белсене қатысып, Қутузов көшесі бойындағы (М.Қалмырзаев көшесінен М.Төлебаев көшесіне дейінгі аралықта) ирригациялық арықтар мен аяқжолдарды қоқыстан тазартты. Сондай-ақ мекеме қызметкерлері өздеріне бекітілген аумақтарды ретке келтіріп, қаланың көркін арттыруға үлес қосты. Өңірлік коммуникациялар қызметі ұжымы да тазалық шарасына қосылып, Т.Айбергенов көшесінің бойында ирригациялық арықтарды, тұрғын үй аулалары мен жолдарды тұрмыстық қалдықтардан арылтты. Ал «Жастар ресурстық орталығы» КММ қызметкерлері Еңбекші ауданы аумағында сенбілік ұйымдастырып, қоршаған ортаның тазалығы үшін аянбай еңбек етті.

Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының мәліметінше, өткен жалпы қалалық сенбілікке қала-



дағы 470 мекемеден 38 мың қызметкер, сондай-ақ 83 мың тұрғын қатысқан. Барлығы 127 мыңнан астам адам экологиялық тазалық жұмыстарына жұмылдырылған. Сенбілік барысында 195 арнайы техника тартылып, 312 тоннадан астам тұрмыстық және құрылыс қалдықтары шығарылды. Аудандық көрсеткіштер бойынша, Абай ауданы – 24 800 адам, 36 техника, 64 тонна коқыс, Әл-Фараби ауданы – 26 400 адам, 42 техника, 60 тонна коқыс, Еңбекші ауданы – 24 500 адам, 38 техника, 64 тонна коқыс, Қаратау ауданы – 25 200 адам, 39 техника, 61 тонна

коқыс, Тұран ауданы – 26 100 адам, 40 техника, 62 тонна коқыс шығарылған.

Қала бойынша 470 мекемеден жұмылдырылған 38 мың адам бойынша зерделейтін болсақ, денсаулық сақтау басқармасына қарасты 58 мекемеде жұмыс істейтін 17 220 қызметкердің 8 мыңнан астамы өз аумақтарын тазалауға қатысты. Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының 22 мекемесінен 3 058 қызметкер және қоғам белсенділері қатысып, жалпы 5 мыңнан астам адам сенбілікке шықты. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасынан 14 мекемеден 620 қызметкер белсенділік танытты. Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасынан өткен сенбілікте 19 мың адам қатысқан болса, бұл аптада олардың қатарына тағы 7 мыңнан астам қызметкер қосылды. Ал аумақтық департаменттерден 34 мекемеден 680-ге жуық адам тазалық жұмыстарына шықты.

Жалпы алғанда, мегаполистеі сенбілік жұмыстары Шымкент тұрғындарының бірлігін айшықтап, бұл акция табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениетті нығайтуға және қаланың көркем келбетін арттыруға бағытталған нақты қадамға айналды.

ФОРУМ

Астанадағы халықаралық қаржы орталығында «Инновациялар мен технологиялар: Астананың азаматтық секторының болашағы» тақырыбында XII азаматтық форум өтті.



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Іс-шарала азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік орган өкілдері, қоғам қайраткерлері мен сарапшылар жиналды. Басқосуда мамандар азаматтық қоғамның дамуы және жаңа технологиялар, цифрлық трансформация және жасанды интеллект мүмкіндіктері жөнінде сөз қозғады. Сондай-ақ форум ашық диалог, еркін пікір, тәжірибе алмасу алаңына айналды. Пленарлық отырыс аясында спикерлер мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы тиімді әріптестіктің маңызына тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, ашық та шынайы диалог – еліміздің тұрақтылығы мен дамуының басты кепілі. Биыл еліміз үшін ерекше мәні бар маңызды мерекелер Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын атап өтеміз. Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіту, мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосу жолында азаматтық сектордың рөлі айрықша. Қала өмірін жақсартуға жан-жақты үлес қосып жүрген мыңдаған белсенді азаматтың еңбегі – еліміздің жарқын болашағына бағытталған ортақ күшіміздің айқын көрінісі», – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов.

Сонымен қатар ол бүгінде Астанада 3 мыңнан аса үкіметтік емес ұйым тіркелгенін, соңғы жылдары үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік аясында шамамен 100 әлеуметтік жоба жүзеге асырылып, екі мыңнан аса қоғамдық маңызды іс-шара өткізілгені туралы айты.

– Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан Joltar жобасы жастарды цифрлық және еңбекке қатысты кәсіби дағдыларға үйретсе, «Замандас» жобасы жастарға тәлімгерлер мен психологтардың қолдауын ұсынады, ал «Жасыл ел» экологиялық акциясы жастарды еңбекке баулиды», – деді ол.

Басқарма басшысының айтуынша, елордада 10 аула клубы жұмыс істейді, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар және еріктілердің қатысуымен қалада кең көлемді көгалдандыру, абаттандыру акциялары жүргізіледі. «Таза Қазақстан», «Зан және тәртіп», «Еңбек адамы» секілді жобалар арқылы өскелең ұрпақты жауапкершілікке, еңбекке құрмет және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы идеологиялық жұмыстар жүзеге асырылады. Қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқарылып жатқан бұл жұмыстардың артында

адам өмірі мен қала тіршілігін жақсарту, азаматтық қоғам және инклюзивті орта қалыптастыру секілді міндеттер тұр.

Мәселен, есірткі қылмысының цифрлық картасының пилоттық нұсқасын жасап, қазір азаматтық белсенділікті арттыру бағытында да көптеген жобаға бастамашы болып келе жатқан Esbol қорын атап өтсек болады.

– Біздің Esbol қоры қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, құқықбұзушылыққа жол бермеу, заң мен тәртіп қағидасын қорғау бағытында жұмыс істейді. Әсіресе, цифрлық карта пилоттық жобасы аясында әкімшілік және қылмыстық бұзушылықтың жүздеген, мыңдаған қылмыстың алдын алуға мүмкіндік туды. Жалпы, кез келген инновацияға мемлекеттен қолдау қажет болады. Мысалы, бұл картаны бізге 8-9-сынып оқушылары ұсынды. Олардың идеялары бізге ұнады, жобаны қаржы құю арқылы қолдадық. Нәтижесінде, есірткі қылмысымен күрес, азаматтық белсенділікті арттыру бағытында жоспарлы жұмыстар жүзеге асып жатыр, – деді Esbol қорының төрағасы Жандос Ақтаев.

Сондай-ақ «Жас ұлан» ұйымы төрағасының кеңесшісі Динара Сәдуақасова өскелең ұрпақтың қабілет-қарымын дөп басып, жастарды ұлттың рухани құндылықтарымен сусындатып, адамгершілік-гуманизм идеяларына қанықтырып өсіру бастамалары жөніндегі тәжірибелерімен бөлісті.

– «Жас ұлан» ұйымының міндеті – жас ұрпақтың зерде-интеллектуалдық қабілетін дамыту және оларды отансүйгіштікке, еңбекке баулу, қоршаған ортаға мейірімді, жанашыр тұлға ретінде қалыптастыру, рухани құндылықтар мен салауатты өмір салтын үйрету. Сондай-ақ балалардың жеке тұлға ретінде қоғамға араласуына, олардың дауысын естуге назар аударамыз. Бірге жобалар жасап, олардың мүмкіндіктерін ашуға және болашақта адами капиталдың дамуына өз үлесін қосуына ықпал етуді мақсат тұтамыз, – деді ол.

Тақырыптық сессия шеңберінде цифрлық трансформация дауіріндегі ҰЕҰ-ны қолдау тетіктері, қаржылық тұрақтылық және мемлекетпен өзара іс-қимылдың жаңа формалары мен кыберқауіпсіздік және әлеуметтік кәсіпкерлік мүмкіндіктері, азаматтық белсенділікті арттыру, қоғамдық бақылау және жергілікті қауымдастықтарды біріктіру мәселелері талқыланды және бірқатар ұсыныс қабылданды.

Форум аясында инновациялық жобалардың көрмесі ұйымдастырылды және шағын гранттар байқауы мен әлеуметтік жобалар бейнебайқауының жеңімпаздары марапатталды.

ДАМУ

ОТБАСЫН ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ

Шымкент қаласында әлеуметтік қорғау саласы жаңа қарқынмен дамып келеді. Қала әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі биылғы жылдан бастап әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа кезеңін бастады. Бұл отбасыларға көмек көрсетудің инновациялық үлгісі саналатын FSM Social ақпараттық жүйесінің енгізілуі. Жаңа жүйенің басты мақсаты – жылдам әрекет ету және тиімді көмек көрсету.

FSM Social жүйесінің ең үлкен артықшылығы – қиын жағдайға тап болған азаматтарға дер кезінде жәрдемдесу. Бұрын мұндай отбасылардың мәселесін анықтау мен қолдау көрсету бірнеше мекеме арқылы ұзаққа созылатын болса, енді бұл жүйе барлық процесті автоматтандырып, нақты және жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік беріп отыр. Жүйені іске асыру мақсатында денсаулық сақтау, білім беру, ішкі істер және пробация қызметінің мамандарынан құралған мобильді топтар құрылды. Арнайы оқыту жұмыстары жүргізіліп, бүгінде 200-ден астам маман мобильді топ құрамында жұмыс істеп жүр. Сонымен қатар министрлік тарапынан 552 әлеуметтік қызметкер FSM Social платформасында жұмыс істеу бойынша кәсіби даярлықтан өтті.

Қазір 242 мемлекеттік мекемеден 1 310 қолданушы жүйеде тіркеліп, отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау қызметтерін цифрлық форматта жүзеге асыруда. FSM Social жүйесі іске қосылған сегіз айдың ішінде Отбасын қолдау орталығы арқылы 6 917 отбасыға түрлі бағыттағы 10 501 қызмет түрі көрсетілген. Оның ішінде 2 304 отбасы жүйе арқылы тіркелсе, тағы 455 отбасы туралы ақпарат басқа мемлекеттік мекемелерден келіп түскен хабарламалар негізінде түсіпті. Жүйеде барлығы 2 220

азамат туралы мәлімет тіркелген. Солардың 1 849-ы орталыққа өз еркімен келіп, әлеуметтік, психологиялық немесе құқықтық кеңес алған. Ал 455 отбасы FSM Social жүйесі арқылы көмек сұраған. Олардың 203-іне нақты қолдау шаралары көрсетілсе, 152 отбасының мәселесі қаралып жатыр.

Бұл көрсеткіштер FSM Social жүйесінің тиімділігін айқын дәлелдейді. Енді отбасы мүшелерінің проблемалары көп кешіктірілмей, нақты уақыт режимінде анықталып, тиісті мамандарға бағытталады. Мұндай тәсіл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, балалар мен аналардың құқығын қорғауға зор мүмкіндік беріп отыр.

Отбасын қолдау орталығы тек материалдық көмекпен шектелмейді. Мұнда қызметкерлер отбасы мүшелерінің психологиялық жағдайына терең мән береді. Жыл басынан бері 460 адам орталықтың кәсіби психологтарымен жеке терапиялық кездесулер өткізді. Бұл азаматтар өз өмірінде жана бағыт тауып, отбасы ішіндегі қарым-қатынасын жақсартуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар 213 азамат неке бұзу, алимент өндіру, балаға қамқоршылық орнату, тұрғын үй мәселесін шешу және әлеуметтік төлемдер рәсімдеу сынды түрлі бағытта құқықтық кеңес алған. Орталық мамандары аналарға арналған 141 іс-шара



ұйымдастырып, оған 1 380 ана қатысқан. Мұндай кездесулер аналардың өзара тәжірибе алмасып, рухани тұрғыда қолдау табуына мүмкіндік берді.

Тұрғын үй мәселесі – көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған аналар үшін маңызды бағыттардың бірі. Осы орайда орталық «Отбасы банк» АҚ және Шымкент қалалық тұрғын үй басқармасымен бірлесіп отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Жыл басынан бері 2 127 ана тұрғын үй бағдарламалары жөнінде ақпарат алып, 1 131 ана kezekte.kz порталына құжатын тіркеген. Соның нәтижесінде 27 ана мемлекеттік бағдарламалар арқылы пәтер кілтін ие болды. Бұл орталық жұмысының нақты нәтижесінің айғағы.

Айта кетейік, үшінші мегаполисте отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жолға қойылған. Шымкент қалалық жергілікті полиция қызметі басқармасы мен жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бірлесіп, арнайы

іс-шаралар жоспарын бекіткен болатын. Бүгінге дейін полиция инспекторларының жолдамасымен 356 адам орталыққа келген. Оның 178-і агрессор ретінде тіркелген. Атап айтқанда, олардың ішінде Абай ауданынан – 35, Әл-Фараби ауданынан – 25, Еңбекші ауданынан – 37, Қаратау ауданынан – 38, Тұран ауданынан 43 адам бар. Келушілердің 170-і ер адам, ал 186-сы әйел болған. Зорлық-зомбылық фактілерінің 160-ы ерлі-зайыптылар арасындағы дау, 18-і туыстар арасындағы кикілжің, 17 жағдай алкогольдік ішімдік әсерінен, ал 1 жағдай жыныстық зорлық-зомбылықтан туындаған.

Психологтар мен заңгерлердің араласуымен 86 отбасы қайта татуласып, ал 92 отбасымен профилактикалық жұмыстар жалғасуда. Бұл отбасылық жан-жалдарды реттеу ісінде орталықтың үлкен әлеуметтік маңызға ие екенін көрсетеді. Биылғы жылдың 19 мамыры мен 8 тамызы аралығында Д және Е сатындағы отбасылардың жағдайын

нақтылау мақсатында 1 840 отбасы тексерілді. Соның нәтижесінде 659 отбасынан сауалнама алынып, нақты қолдау шаралары қолға алынды. Ал 1 181 отбасының көрсетілген мекенжайда тұрмайтыны анықталды. Бұл деректер әлеуметтік саясатты нақтылауға және көмекті мақсатты бағыттауға жол ашады. Қазір орталық аналарды кәсіпке бейімдеу мақсатында 7 бағыт бойынша қысқамерзімді тегін курстар ұйымдастырды. Олардың қатарында киім пішу және тігу, құрақ көрпе жасау және колөнер, компьютерлік сауаттылық, шаштараз ісі, SMM және әлеуметтік желіні басқару, маникюр мен педикюр, дефектолог және логопед көмекшісі мамандықтары бар.

Курстарға 861 ана қатысып, олардың 197-сі оқуды аяқтап, кәсіби дағдыларға ие болды. Кейбіреулері жеке ісін бастап, шағын кәсіп иесі атанып отыр. Бұл – әлеуметтік қолдаудың ең тиімді түрлерінің бірі.

Шымкент қаласындағы отбасын қолдау орталығы – тек әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме емес. Бұл – қиын жағдайда қалған жандарға сенім, үміт және жана өмірге жол көрсететін орталық. FSM Social ақпараттық жүйесі әлеуметтік қызмет көрсету саласын жана деңгейге көтеріп, барлық мемлекеттік құрылымның өзара іс-қимылын біріктіріп отыр. Әрбір отбасының мәселесіне жедел назар аудару арқылы қалада отбасы институтын нығайту, зорлық-зомбылықтың алдын алу және қоғамдық тұрақтылықты сақтау ісіне зор үлес қосуда. Алдағы уақытта жүйенің мүмкіндіктерін кеңейту, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру және қоғаммен тығыз байланыс орнату арқылы бұл бағыттағы жұмыс одан әрі жетілдірілмек.

Н.НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Астана қаласының МАЭС-інің 2025 жылғы 16 қыркүйектегі анықтамасы негізінде «Қазақстан лифт құрылысы зауыты «KLZ» ЖШС-на (БСН 040340012417) қатысты оналту рәсімін қолдану бойынша іс жүргізу қозғалды. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7Б-үй, 96-пәтер, тел.: +7 707 220 00 47, (Астана қ. МАЭС судьясы Қусманова А.К.-ның хатшысының нөмірі – +7 778 010 57 90).

Астана қаласының МАЭС-інің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі анықтамасы негізінде «Сервис-Групп 2013» ЖШС-на (БСН 140540006542) қатысты оналту рәсімін қолдану бойынша іс жүргізу қозғалды. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7Б-үй, 96-пәтер, тел.: +7 707 220 00 47, (Астана қ. МАЭС судьясы Қусманова А.К.-ның хатшысының нөмірі – +7 778 010 57 90).

ДОДА

14 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2026 жылы өтетін Әлем чемпионатына іріктеу кезеңін аяқтауға жақын. 13 қазан күні Солтүстік Македониямен, 15 қараша күні Бельгиямен ойнайды. Қызығы сол, жігіттер Брюссельге барып алты доп жіберіп алған соң, экс-бапкер Әлиев қызметінен кетті. Арада бір ай өтсе де, федерация құрама тізгінін ұстайтын адам таппаған. Сөйткен де жаттығу жиынына бір күн қалғанда Талғат Маруаұлына телефон соққан.

А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

«БІР КҮНГЕ»
КЕЛГЕН БАПКЕР

Мұны спорт журналистері де, бапкер де мойындап отыр. Алда Лихтенштейн құрамымен жауапты кездесу күтіп тұрған. Сонымен, көмекшілеріне хабап беріп, ҚФФ белгілеген күні қосынға келген. Байсуфиновтың айтуынша, шешімді қысқа уақытта қабылдап, жұмысқа кіріскен.

«29 қыркүйекте шұғыл түрде жұмысқа кірісу керек болды. Маған жедел екі көмекші керегі тағы бар. Олармен бұрыннан жұмыс істеймін, бір-бірімізді жақсы білеміз. Осылайша, процесті жеделдету үшін сол мамандарды шақырдым. Бұл шешімнің артында ешқандай саясат немесе федерацияның нұсқауы жоқ», — деді ол.

Сонымен, Бельгиямен ойыннан соң Әлиев ұжымнан кеткенін айтқанымен, Лихтенштейнге



БАБЫ КЕЛІСКЕН БАПКЕР ҚАЙДА?..

— дейді спорт комментаторы Ермұхамед Мәулен.

Айталық, Талғат Маруаұлы осыған дейін екі рет ұлттық құраманы баптаған. Осымен екінші рет бас бапкер міндетін атқарушы болып отыр. 13 қазан Солтүстік Македонияға қарсы кездесу өткізеді. J тобында іріктеу кезеңінде жеңілмеген екі құрама бар десек, бірі — македондықтар. Оның үстіне, маусым айында аталған ұжымға есе жібердік. Егер бұл құрам бізді айналып өтсе,

рера, үшіншісі — чехиялық үміткер деп ойлаймын. Келіссөздер жүргізіліп жатқанын айтты. Бірақ қай сатыға келгенін білмедім. Айта кетерлігі, бұл жерде ҚФФ-дағы бас хатшының жұмысына сын. Өйткені Байсуфиновты жиынға бір күн қалғанда шақырып, Әлиев жинаған құрамды ойнатып жатыр. Ал шетелдік маман мәселесіне келсек, бұл жерде бәрі айлыққа келіп тіреледі. Шетелден келген мамандар кемінде 2-3 млн тенге айлық сұрайды. Кезінде «ойбай, Черчесов 2 млн жалақы алады екен» дедік. Енді 2 млн тенгеге бапкер таппай отыр. Тіпті, қазір еуропалық маманға кемінде 3-4 млн тенге ұстатпасаңыз, жоламайды», — дейді спорт журналисі Олжас Байбосын.

Ал бірнеше жыл ҚФФ-да жұмыс істеген Ермұхамед Мәулен поляк маманының Қазақстанға келмейтінін алға тартты. Оның айтуынша, польшалық журналистермен сұхбаттасқанында бұл маманның ұлттық құраманы баптауда тәжірибесі аз екеніне тоқталған. Тізімде аты-жөні құпия бір италиялық, бір испаниялық бапкер бар. Оған қоса, сарапшы қазір құраманың қиын жағдайда тұрғанын, халықаралық аренада тәжірибесі жоғын атап өтті. Әлем чемпионатына, Еуропа чемпионатына шықпаған, құрамында топ-5 лигада доп тебетін ойыншысы жоқ ұжымға онайлықпен ешкім мойын бурмайды. Оның пікірінше, жанкүйерге сырттай жастар өсіп келе жатқандай, потенциал бардай көрінгенмен, жеме-жемге келгенде еуропалық маманға мұны дәлелдей алмаймыз. Сондықтан сарапшы италиялық бапкерлер жылына 4 млн еуро сұрайтынын, сондықтан Балкан түбегінен, поляк, чехиялық, сербиялық бапкерлерді қарастырып көру керегін ұсынды.

«ҚПЛ-ды білетін Милич Чурчич деген сербиялық маман бар. Одан бөлек, Сербия ұлттық құрамасын 2018 жылы ӨЧ-ге шығарған Крстаич Младен есімді маман бар. Жасы — 54-те, клубтық деңгейде «Маккаби Тель-Авивте» жұмыс істеген. Еурокубокты біледі, былайынша тілі мен менталитеті де жақын деуге келеді. Оған қоса, қазір оның қолы бос, жоғары жалақы сұрмайды. Кейінгі жұмыс істеген жерінде 300 мың АҚШ долларын алған. 400-500 мың доллар ұсынан, Қазақстанға келуге келісуі мүмкін. Милич Шурчич те Қазақстан футболын біледі, аса жоғары жалақы талап етпейді. Негізі, бос жүрген бапкер көп. Бұл жерде ҚФФ бас хатшысы Давид Лорияның нәтижесіз жұмысы көрініп тұр. Мысалы, Қазақстанның U-15 құрамасы Өзбек-

“**Ал шетелдік маман мәселесіне келсек, бұл жерде бәрі айлыққа келіп тіреледі. Шетелден келген мамандар кемінде 2-3 млн теңге айлық сұрайды. Кезінде «ойбай, Черчесов 2 млн жалақы алады екен» дедік. Енді 2 млн теңгеге бапкер таппай отыр.**

оларда Әлем чемпионатына шығу туралы сұрақ болмайды. Аталған бапкер екі ойында құрамды бастап шығатынын, Бельгиямен кездесуде басқа бапкер келуі мүмкін екенін нұсқалды. Сонда ұлттық құрамаға қай маман бас болуы мүмкін?

**ӨТТЕН,
ТОННЫҢ КЕЛТЕСІ-АЙ...**

Жақында ҚФФ жаңа бас бапкер қызметіне үміткерлермен келіссөз жүргізіп жатқанын, тізімде үш шетелдік маман барын хабарлады. Сарапшылар да Бельгиямен ойынға дейін жаңа бапкер келетінін айтады. Олар еуропалық жасы 50-дің ары жак, бері жағындағы маманды күтіп жүр.

«Біріншісі — Польша маманы Михал Пробеж, одан кейін «Спартакты» баптаған Массимо Кар-

станнан ұтылды, U-21 өзбектің 20 жасқа дейінгі балаларынан ұтылды. Ең сорақысы, U-21 жастар құрамасы ресми ойында Андорраға есе жіберді. Еуропа футболында «қаптын түбінде жатқан» Андорраға жеңілу — құрылымда бірдене дұрыс емесін дәлелдеп тұр. Меніңше, «Тараз» бен «Ордабасының» жастарын жіберсеңіз, Андорраны ұтар еді», — деді Ермұхамед Мәулен.

Сарапшы Олжас Байбосын да жастар құрамасын жолға қоймаса, Әлем чемпионатына шығу арман күйінде қалатынын алға тартты. Оның айтуынша, кезінде жастарды Англиядан келген тәжірибелі маман баптаған тұста нәтиже көрсеткен. Қазір аталған ұжымға қабылданатынын дені «Қайрат» клубынан келген соң, бапкерді де сол жақтан тартып жатқан көрінеді.

АТЫРАУДА ІРІ СПОРТ НЫСАНДАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Атырау – спорттық инфрақұрылымның жаңа орталығына айналуда. Атырау қаласында спорт пен салауатты өмір салтын дамыту бағытында ірі жобалар қарқын алып келеді. Қала күні қарсаңында облыс әкімдігінің бастамасымен ауқымды спорт нысанының құрылысы басталып, өңірдің әлеуметтік-спорттық инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеру жолындағы нақты қадамдар жасалды.



А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

**TEXOL WELLNESS ATYRAU: ӨНІРЛІК СПОРТ
ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ**

Қала күніне орай Атырауда өңірдегі ең ірі спорттық нысандардың бірі — Texol Wellness Atyrau спорт-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны 24 миллиард теңгеден асады және бұл инвестицияны Texol компаниясы толықтай өз қаражаты есебінен жүзеге асыруда.

Нысанның іргетасына уақыт қапсуласын салу салтанатты рәсімі жоғары деңгейде өтті. Салтанатты шараға Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Texol компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Шота Абхазава, облыстық спорт ардагерлері одағының төрағасы Болат Қожиев, кикбоксингтен екі дүркін әлем чемпионы Жандос Назарбеков, сондай-ақ спорт саласының өкілдері мен спорт мектептерінің жас тәрбиеленушілері қатысты.

Облыс әкімі Серік Шәпкенов бизнес пен мемлекеттің әлеуметтік әріптестігіне ерекше назар аударды. «Бүгін біз өңірдегі ең ірі спорт-сауықтыру кешенінің құрылысын бастап отырмыз. Бұл — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын көрінісі. Texol секілді ірі компаниялар тек өндірістік жобалармен шектеліп қалмай, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға да елеулі үлес қосуда. Мұнда 12 спорт түрімен айналысуға мүмкіндік болады. Балалар да, ересектер де жаттыға алады. Бұл — салауатты өрі белсенді қоғам құру жолындағы тағы бір қадам», — деді Серік Шәпкенов.

Ал Texol Group директорлар кеңесінің төрағасы Шота Абхазава бұл кешеннің тек спорттық мақсатпен шектелмей, өңірдің орнықты даму символына айналатынын атап өтті: «Texol Wellness Atyrau — бұл тек спорт пен демалыс орталығы емес, сонымен қатар Атыраудың шикізаттық экономикадан адами капиталға негізделген дамуға бет бұрғанының белгісі. Бұл жобадарғы басты басымдық — Атырау тұрғындарының денсаулығы мен амандығы», — деді ол.

Жалпы ауданы 18 мың шаршы метр болатын үш қабатты кешенде теннис корттары, алты жолақты жүзу бассейні, жекпе-жек залдары, фитнес және тренажер залдары, скалодром мен демалыс аймақтары қарастырылған. Кешен бір мезетте 1 000 келушіге дейін қабылдай алады. Бұл жоба — Атыраудың спорттық әлеуетін арттыратын, өңірлік және ұлттық деңгейдегі жарыстарға арналған ауқымды нысан болмақ.

**ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН БАЗА**

Атыраудағы тағы бір маңызды спорт нысаны — бірнеше жыл бойы тоқтап тұрған оқу-жаттығу орталығының құрылысы да қайта жанданды. Облыс әкімі Серік Шәпкенов құрылыс алаңына арнайы барып, нысанның қазіргі жағдайымен танысты.

Сот дауларына байланысты тоқтап қалған нысан құрылысы қайта жанданды. Құрылыс жұмыстарын VEK-Stroy-Com ЖШС жүргізуде. Жобادا үш заманауи спорт залы мен қажетті инфрақұрылым қарастырылған.

Оқу-жаттығу орталығының құрылысын ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау көзделіп отыр. Бұл нысан олимпиадалық спорт түрлері бойынша облыстық құрама командалардың дайындық базасына айналады. Мұнда күніне 200-ден астам спортшы тұрақты түрде жаттыға алады.

**СПОРТ — ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МЕН ҚОҒАМДЫҚ
ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІШ**

Атыраудағы бұл қос нысан — тек құрылыс жобасы ғана емес, өңір халқының салауатты өмір салтын ұстануына, балалар мен жастардың спортпен шұғылдануына арналған стратегиялық әлеуметтік бастамалар. Бұлар облыстың спорт инфрақұрылымын заманауи талаптарға сай жаңартуға мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар бизнес қауымдастықтың әлеуметтік жауапкершілік танытып, қоғамдық маңызы бар нысандарға қаржы салуы — өңірлік даму моделі үшін үлгі боларлық тәжірибе.

Texol Wellness Atyrau мен оқу-жаттығу орталығының іске қосылуы — Атыраудың спорттық әлеуетін арттырып қана қоймай, ұлттық спорт саясатының өңірлік деңгейде жүзеге асуына нақты үлес қосатын маңызды қадам.

Айта кету керек, 2021-2025 жылдары облыста 36 спорт кешені мен 25 воркауд жаттығу алаңын салу жоспарланды. Биыл Мақаттан өзге Исатай, Махамбет, Индер аудандарында спорт кешендері пайдалануға беріледі. Ал облыс орталығынан салынатын дарынды балалар арналған спорт мектеп-интернатының жобалық-сметалық құжаты жасалып, құрылысы келесі жылы басталады.

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4654 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
---	---	--	--